COVID-19
ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

Qazaq

№ 16-17 (1120), 19-26 сәуір, 2022 жыл
Республикалық қоғамдық-саяси газет

qazaq1913.com | +7 (701) 505 48 48 | +7 (777) 797 77 88 | kazakh_2006@mail.ru | qazaq gazeti | qazaq gazeti | qazaq1913_ | qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты

05
БҰРЫН ШІРКЕУ БОЛҒАН АЙЯ СОФИЯДА 92 ЖЫЛДА АЛҒАШ РЕТ ТАРАУЫҚ НАМАЗЫ ОҚЫЛДЫ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ, АНА ТІЛІ ЖОҚ ЛИХТЕНШТЕЙН ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БАЙ ЕКІ ЕЛІНІҢ БІРІНЕ ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫ?
08

...БІЗ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨКІЛЕТТІГІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚАРТА ОТЫРЫП, ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІН АЙТАРЛЫҚТАЙ АРТТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК. СОЛ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТҰҒЫРЫН НЫҒАЙТАМЫЗ. ШЫН МӘНІНДЕ, ЕЛІМІЗДЕ ӨКІЛДІ БИЛІК ТАРМАҒЫ МЫҚТЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ!..

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ТАПҚАН-ТАЯНҒАНЫН ТОНАҒАНДАРҒА ҚАШАН ТОҚТАУ БОЛАДЫ?

■ Былтыр алаяқтардың арбауына түскен қазақстандықтар 54 млрд теңге қаржысынан айырылған...

Жандар ТҰРАРҰЛЫ

Айдың-күннің аманында Нұр-Сұлтан қаласында Ішкі істер министрлігінің ғимараты жанында 32 жастағы Бағила Досмайылова өз-өзін өртеп жіберді. Денесінің көп бөлігін күйік шалған келіншектің қазір жағдайы ауыр, ауруханаңның жансақтау бөлімінде жатыр. Кейін оның қаржы пирамидасынан зардап шеккендігі анықталды. Атап айтқанда, ол Mudarabah Capital қаржы пирамидасы ісі бойынша жәбірленуші деп танылған және аталған компанияға 20 млн теңгесін құйған деседі. Бүгінде құзырлы органдар бұл мәселе бойынша тергеу амалдарын жүргізуде. Бұл – алаяқтарға алданып, тұзаққа түскендердің басы емес. Өкініштісі сол, аяғы да болмауы мүмкін. Ғайыптан тайып байлыққа кенелемін дегендер, артынан опық жегендер мыңдап саналады. Бірі дүние-мүлкінен, басыбайлы баспанасынан айырылса, енді бірі өз өмірлерін қиюға дейін барады. Қараша халықтың тапқан-таянғанын тонағандарға қашан тоқтау болады? Алаяқтарға алданудың сыры неде? Опық жегендерді заң қорғай ала ма? Тарқатайық...

■ АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИЯР ЕМЕС

«Пәлен жерде алтын бар, іздеп барсаң мыс та жоқ». Бүгінде жылдам байлыққа кенеліп, әккі алаяқтардың арбауына түскен әлеуметтің саны жыл сайын артпаса, кемитін сыңай танытпайды. Ресми деректер мен дәйектер бұл пайымызды жоққа да шығармайды. Мәселен, былтырдың өзінде қаржы пирамидасына қатысы бар 130 адам қылмыстық жауапқа тартылып, жазаға кесілген. Еліміз бойынша 31 мыңнан астам азамат қаржы пирамидасының құрбанына айналып, сан соғып қалған. Алаяқтардың арбауына түскендер 54 млрд теңгеден астам қаржысынан айырылған. Бұл көңіл көншітерлік сандар емес.

«Тегін ірімшіктің тек қақпанда ғана болатынын» ескермегендер бар дүние-мүлкін, тапқан-таянғанын неге күмәнді қаржылық құрылымдарға салады? Азаматтар олардың құрығына қалай ілігеді? Сарапшылардың сөзіне сенсек, халықтың қаржылық сауатының төмендігі осындай олқылықты жайттардың көптеп орын алуына жол беруде. Бұл – бір.

03-бетте

ШҰБАРТАУ ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ КҮНГЕЙІНДЕ...

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ НАЗАРЫНА!

■ Қазақстандағы барлық аудандар сияқты 1928 жылы құрылған Шұбартау ауданы өз тарихында екі рет таратылды. Жылқы түлігін өсіруге қолайлы аудан соңғы рет 1997 жылы оңтайландырудың өткір қайшысына ілікті...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын Қазақ елі қуана қарсы алды. Шын мәнінде, жұрттың көңілінен шыққан бұл Жолдауда айтылған ойлар мен жайлар елдің ертеңі толғандыратын әрбір азаматты бейжай қалдырмасы анық. Әсіресе, кезінде экономикалық негіздеусіз жасалған ықшамдаулар мен қысқартулардан болған зардаптарды жоюдың жолдары осы Жолдауда айқын көрсетілді. Алға қойылған бұл міндеттерді абыроймен жүзеге асыру, әрине аса ауқымды іс екендігі түсінікті. Алайда, кемел ойдан туындап, келешегімізді келбеттендіру мақсатын көздеген ұлы мақсатты іске қазақ халқы қазірден тас-түйін дайын деген ойдамыз.

Ақаш КӨКСЕГЕН *

■ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ ӨТКІР ҚАЙШЫСЫНА ІЛІНГЕН АУДАН ҚАЙТА ҚҰРЫЛСА...

Осы орайда ұлылардың бесігі, мәдениеттің алтын қақпа есігі болған бұрынғы Семей өңірін қайта түлетіп, оның аумағында Абай облысын құру туралы байлам өңірдің адамдарын ғана емес, барша Қазақ елін ерекше қуантқан тарихи маңызы бар жаңалық болды. Президенттің бұл шешімі көрмегенді көріп, тоталитарлық жүйенің небір сұмдығын басынан өткерген өңір тұрғындары үшін үлкен рухани қолдау болды.

06-бетте

ҚАНАУ МЕН ТОНАУ

«СЫРТҚА АҚША ЖАСЫРҒАН БАСШЫНЫҢ ЕЛДІ ТҮБІ ҚҰРДЫМҒА АПАРАТЫНЫН» ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ

Қаңтар оқиғасы саяси-экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қоғамның қорғанышсыз әлсіз қалғанын көрсетіп берді. Мемлекеттің негізін шайқалтатын, еліміздің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін мұндай жағдайды болдырмау үшін не істеу керектігі баршамызды толғандыруы тиіс. XX ғасырдың соңғы он жылдығында еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізуі – халқымыздың тарихи дамуының беталысын айқындайтын маңызды оқиғаға толы болды. Еліміз өз азаттығын жариялай отырып, адамзаттың өркениеттік дамуының бірден-бір сара жолы іспетті демократиялық саяси жүйеге бағыт ұстанды. Мұның өзі бұған дейін әлеуметке қызмет етіп келген саяси, экономикалық, рухани салалардағы түбірлі өзгерістерді қажет ететіндігі белгілі еді. Бірақ, оның жүргізілуінде тұрлаулылық болмады.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

■ БІЗГЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒЫП КЕТУГЕ БЕЙІМ ШЕНЕУНІКТЕР КЕРЕК

Қазақстан – орасан зор аймақ. Оның күнделікті ұсақ-түйек жұмыстарына араласып отыруға Президенттің уақыты да жетпейді. Демек, бір ұсынысымыз бар. Қазіргі жағдайда еліміздің төрт аймағында Президенттік басқару жүйесіне бағынатын Президент өкілі институтын енгізу керек сияқты. Егер сол институт көрсетілген сенімді ақтамаса, таратып жіберу қиын емес. Бұл Президент аппаратын басы артық жұмыстардан босатып, бақылау орнатуға мүмкіндік береді. Бұл кез келген істе халықтың да қызығушылығын арттырады. Кадрларды іріктеуге де, тәрбиелеуге де көмектеседі.

04-бетте

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 19 СӘУІРГЕ АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

USD 449.85 (АҚШ ДОЛЛАРЫ) ⇧ EUR 485.43 (ЕУРО) ⇧ RUB 5.71 (РЕСЕЙ РУБЛІ) ⇩ TRY 30.72 (ТҮРІК ЛИРАСЫ) ⇩ CNY 70.69 (ҚЫТАЙ ЮАНІ) ⇧ JPY 3.55 (ЖАПОН ИЕНІ) ⇧ KGS 5.52 (ҚЫРҒЫЗ СОМЫ) ⇩

Бүгін, 19 сәуірде Ақорда резиденциясында 10 мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің ҚР Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті. Сенім грамоталарын Куба елшісі Оскар Сантана Леон, Бангладеш елшісі Камрул Ахсан, Доминикан Республикасының елшісі Франк Ганс Данненберг Кастельянос, Аргентина елшісі Эдуардо Антонио Зуайн, Перу елшісі Хуан Хенаро дель Кампо Родригес, Нигерия елшісі Якубу Сантураки Сулейман, Лаос елшісі Вилаван Йиапохэ, Чад елшісі Адам Бешир Махамуд, Руанда елшісі Фиделис Нтампака Миронко, Бенин елшісі Акамби Андре Окунлола-Биау тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕЛШІЛЕРІНЕН СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, еліміздегі игі міндеттерін орындау барысында оларға Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Үкіметі тарапы жан-жақты қолдау көрсететінін және көмектесетінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлемнің соңғы отыз жыл ішінде ең күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуалды бастан өткеріп отырғанын айтты. Оның айтуынша, коронавирус пандемиясы елдеріміз үшін айтарлықтай сынақ болды. Сонымен қатар, халықаралық қатынастардағы ахуалдың шиеленісуі әлемнің дамуына кері әсер етті. Осыған байланысты Қазақстан Президенті қақтығыстардың БҰҰ Жарғысына сәйкес тезірек және әділ реттелетініне сенімді екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті.

«Біз демократиялық өзгерістердің жаңа дәуіріне өткенімізді жариялап, мемлекеттік билікті бұрын-соңды болмаған орталықсыздандыруға, үйлесімді және тепе-теңдік жүйесін нығайтуға кірістік», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде шетелдік инвесторлар мен сауда жөніндегі серіктестердің Қазақстан экономикасына деген сенімін нығайтуға баса мән берілетініне тоқталды.

«Біздің Үкімет ұлттық экономиканың ашықтығына, келісімшарттарға қол сұғылмауына және жемқорлықпен аяусыз күреске бейілділігін сақтайды. Бұл реформалар халқымыздың тарихындағы бетбұрыс кезеңді білдіреді. Біз тұралап қалу емес, қарқынды даму жолын таңдаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шын мәнінде бәсекеге қабілетті, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін әлемнің барлық елімен өзара тиімді әрі достық қарым-қатынастарды нығайтуға ниетті екенімізді айтты.

Рәсім соңында Мемлекет басшысы дипломаттарға табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің басшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады. Сондай-ақ, жиынға қатысушыларды қасиетті Рамазан айымен, Пасха мерекесімен және Лаос Жаңа жылымен құттықтады.

Кез келген елдің ұлттық инновациялық жүйесінде зерттеу университеттерінің ғылыми қамтымды экономиканың маңызды элементі ретінде атқаратын рөлі ерекше. Барлық танымал әлемдік жоғары технологиялық оқу орындары зерттеу университеттері базасында қарқынды дамуда және өз елдері мен өңірлерінің инновациялық даму тетігі рөлін табысты орындауда.

ҚАЗҰУ – ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу университетінің моделін іс жүзінде жүзеге асырып келеді. Қазақстандық экономиканы жаңғырту механизмін қалыптастыра отырып, университет қоғам мен бизнес үшін пайдалы зерттеулер мен әзірлемелерді орындайды. ҚазҰУ-дың ғылыми қызметін дамытудың негізгі бағыты – іргелі зерттеу бағыттарын сақтау болып табылады. Университет бүгінде еліміздің басқа жоғары оқу орындарында теңдесі жоқ бірегей ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорация болып табылады.

Сондай-ақ, университет кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше назар аударады. Оқытушы-профессорлық құрамның штат саны шамамен 2,9 мыңды құрайды. Оның ішінде 1,2 мыңнан астам докторлар мен ғылыми кандидаттар және 350-ге жуық PhD докторлары еңбек етеді. Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері болып табылады. Бұл республика бойынша алғанда 20 пайызды құрайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS Quacquarelli Symonds-Graduate Employability Rankings агенттігінің халықаралық рейтингінде түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша 201-250 позициядағы жоғары оқу орындарының тобына кіріп, көшбасшы болды.

«Жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі» көрсеткіші бойынша ҚазҰУ әлемде 55-орында. Бұл көрсеткіш университетті бітіргеннен кейін 12 ай ішінде толық немесе толық емес жұмыс істейтін түлектердің пайызын өлшейді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Жұмыс берушілер арасындағы бедел» көрсеткіші бойынша әлемде 120-орынға ие болды, ол қызметкерлерді жалдау туралы шешім қабылдауға қатысатын жұмыс беруші ұйымдардың 75 мыңнан астам өкілдерінің сауалнама нәтижелері бойынша есептелген. «Жұмыс берушілер мен студенттердің өзара әрекеттестігі» көрсеткіші бойынша жоғары оқу орны әлемде 134-орында.

QS талдау орталығының директоры Бен Соутер атап өткендей, «2022 жылғы QS түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша үздік университеттердің жаңа рейтингісіне алғаш рет қазақстандық үш ЖОО қатысты, олар жекелеген индикаторлар бойынша шын мәнінде жақсы нәтижелер көрсетті. Халықаралық мойындаудың мұндай деңгейі Қазақстан Республикасының барлық жоғары білім беру жүйесінде амбициялардың қарқынды өскенін айғақтайды».

Біздің университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен түлектері Қазақстан мемлекеттігінің дамуы мен қалыптасуына белсенді атсалысып келеді және алдағы уақытта университеттің одан әрі дамуы еліміздің адами капиталын және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталуын қамтамасыз ету үшін бар күшін арнайды.

РАХМЕТОВА Т.А.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу
және криминалистика кафедрасының оқытушысы

Бейсенбі, 21 сәуір күні режиссер Бекболат Шекеровтің «1941 жылдың жазы» атты әскери драмасы отандық кинопрокатқа шығады. Картина ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген. Фильмнің тұсаукесері 9 мамырға орайластырылған.

«1941 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗЫ» ӘСКЕРИ ДРАМАСЫ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТАДЫ

«1941 жылдың жазы» – Ұлы Отан соғысына арналған алғашқы ауқымды көркем фильм. 1991 жылдан кейін Қазақстанда бұл тақырыпта шағын киножобалар мен телевизиялық сериалдар ғана шығарылды. Сценарист және кинодраматург ретінде танымал болған Бекболат Шекеров үшін бұл фильм режиссерлік дебют.

«1941 жылдың жазы» фильмінде екі негізгі ой бар, көрерменге оны барынша жеткізуге тырыстым. Біріншісі – қазақтар мен қазақстандықтардың соғысқа қатысуы туралы. Себебі, бұл барлық 15 республиканың ортақ Отаны еді, ол үшін бәрі де бірдей жандарын қиды. Екіншісі – фильмді кеңестік киноның ең жақсы дәстүріне сай қылып жасау, яғни соғыс туралы, бірақ соғысқа қарсы», – деп атап өтті Бекболат Шекеров.

Фильм немістер басып алған Беларусь жерінде партизан отрядын алғашқылардың бірі болып басқарған қазақ ғалымы, жазушысы және қоғам қайраткері Әди Шәріповтің жауынгерлік жолы туралы баяндайды. Картинада Шәріповтің өмірінің бір бөлігі көрсетілген – оның алғашқы шайқасынан бастап, 1944 жылы жарақат алғанға дейінгі кезең.

Картинадағы басты рөлді ресейлік актер, ұлты қазақ Азамат Нығманов сомдады. Азаматтың айтуынша, Ұлы Отан соғысы туралы фильмге түсу үлкен мәртебе. Айта кетсек, актер үшін бұл алғашқы тәжірибе емес, Азамат бірнеше әскери драмаларда, оның ішінде «28 панфиловшылар» атты кинотаспада рөл сомдаған.

«Түсірілімге дайындық барысында мен Азаматты екінші жоспардағы рөлге шақырған едім, бірақ кейін басты кейіпкерді сомдайтынына бір күн өкінбедім. Мен оған сендім. Азаматтың шығармашылығын біле тұра және онымен сөйлескеннен кейін мен оның моральдық, психологиялық және физикалық тұрғыдан осындай қиын және жауапты рөлге дайын екенін сездім. Бұл рөл құрметті, сонымен бірге қиын», – деді Бекболат Шекеров.

Фильмнің түсірілімі соғыс кезінде фашистермен ең қатал шайқастар орын алған жерлерде өтті. Негізгі түсірілім орындары Беларусьте болды, кейбір көріністер Алматы облысында түсірілді.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«1941 жылдың жазы» әскери драмасының режиссері мен сценарий авторы – Бекболат Шекеров, продюсері – Тасболат Мерекенов, Зарина Кисикова. Басты рөлдерде – Азамат Нығманов, Андрей Олефиренко, Шәріпбек Зәкіров, Әлихан Лепесбаев, Андрей Сенькин, Елизавета Шукова, Мақпал Қасенова, Александр Брухацкий, Валентина Гарцуева, Арсений Врагов.

Биылдан бастап мектепке жұмысқа орналасқысы келетін педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері Ұлттық біліктілік тестін (ҰБТ) тапсырып, «Педагог» мәртебесін алуы тиіс. Бұл бастама педагогикалық жоғары оқу орындары мен бітіруші түлектері үшін жауапты қадам болмақ. Сондықтан салалық жоғары оқу орындарының міндеті – өз білім алушыларын осы маңызды рәсімге барынша дайындау қажет.

УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ҰБТ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРДІ

15 сәуірде Ұлттық біліктілік тестілеуін (ҰБТ) өткізу ережелері мен шарттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор Дархан Біләлов Town Hall форматында университет студенттерімен кездесу өткізді. Іс-шараға академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов және департамент директорлары қатысты.

Дархан Біләлов бұл процедураның болашақ педагогтар үшін маңыздылығын айтып, түлектерді жұмысқа орналастыру – университеттің маңызды міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Бүгінде бұл көрсеткіш 96 пайызды құрап отыр.

«Біз болашақ педагогтарды даярлаймыз, біз үшін олардың жоғары сапалы білімі маңызды. Құрметті білім алушылар! Еліміздің болашағы сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір түлек ҰБТ-ға жауапкершілікпен қарауы керек. Университетіміздің профессорлары мен оқытушылары сіздерге білім берді, кәсіби тәжірибелерімен бөлісті. Ұлттық біліктілік тестіне дайындалу үшін барлық ресурстарды пайдалану керек. ҰБТ-дан студенттеріміз өтуі үшін университет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалған», – деді ректор.

Білім беру сапасын арттыру педагогтердің кәсібилігімен тікелей байланысты, әрбір білім беру ұйымының тиімді жұмысының негізі екені баса айтылды. Сондықтан болашақ мұғалімдердің біліктілік деңгейін анықтау құралы ретінде бұл тестілеудің маңызы зор.

Мақтағали Бектемесов педагогикалық кадрларды даярлау сапасын күшейтуге бағытталған ҰБТ тапсыру ережелері мен шарттары туралы, бітіруші курс студенттері арасында жаңашылдықтың қажеттілігі мен мақсаттылығы туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Болашақ педагогтарымыз Ұлттық біліктілік тестілеуін тапсырғаннан кейін ғана мектептерге жұмысқа қабылданатын болады», – деп мәлімдеді проректор.

Абай университетінің Тестілеу орталығы ҰБТ-ға дайындалу мақсатында бітіруші курс білім алушыларының сынақ тестілеуін іске қосты. Олардың әрқайсысы ыңғайлы уақытта, кез келген жерде, кез келген құрылғыдан арнайы пән мен педагогика, оқыту әдістемесі бойынша сынақ тестілеуден өте алады. Университет кітапханасы Ұлттық біліктілік тестілеуіне дайындалу үшін оқу-әдістемелік кешендермен (оқу пәндері, педагогика, оқыту әдістемесі) жабдықталған.

Студенттермен бейресми кездесу жоғары деңгейде өтті. Оқу үдерісі, емтихандарды тапсыру форматы, грантқа өту және т.б. сұрақтар қойылды. Жиынға қатысушылардың белсенділігін атап өткен университет басшылары сұрақтар мен ұсыныстарға жан-жақты жауап берді.

LSM.kz редакциясы қазақстандықтарға несиені төлей алмаған жағдайда қайда жүгіну керектігін білді. Қаржы нарығын реттеу агенттігінің LSM.kz сайтының ресми сұрауына берген жауабында түзетулер 2021 жылдың қазанынан бастап күшіне енгенін хабарлады. Олардың айтуынша, жеке тұлғалар – қарыз алушылар өз кредиттерін немесе микрокредиттерін қайта құрылымдау мәселелерін тікелей кредиторлармен шеше алады.

НЕСИЕСІН ӨТЕЙ АЛМАЙ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙДА ЖҮГІНЕДІ?



Енді банктер мен МҚҰ қарызды өтеу сәтінен бастап 20 күн ішінде кешіктірілгені туралы клиентке хабардар етуге міндетті. Кредиторлар қарыз алушыны мерзімі өткен төлемдердің нақты мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттілігі туралы хабардар етуге, сондай-ақ банкке немесе МҚҰ-ға жүгіну құқығы және өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы айтуға тиіс.

«Борышкер өз кезегінде мерзімі өткен күннен бастап 30 күн ішінде қарыздарды қайта құрылымдау үшін жазбаша өтінішпен кредиттік ұйымға жүгінуі қажет. Онда мерзімін өткізіп алудың немен байланысты болғанын көрсету, қайта құрылымдаудың өз нұсқаларын ұсыну және кірістердің төмендегенін және өз міндеттемелері бойынша төлем жасау мүмкін еместігін куәландыратын құжаттарды ұсыну қажет», – деп атап өтті агенттікте.

Құжаттардың толық пакетін алғаннан кейін кредитор өтінішті қарайды. Бұл ретте қарыз алушының ағымдағы қаржылық және әлеуметтік жағдайы, кепілдік тұрғын үйдің бірегейлігі, міндеттемелерді адал орындау сияқты факторлар ескеріледі. Жауап 15 күн ішінде беріледі. Онда несие беруші клиенттің ұсыныстарына келісім береді, шарттар бойынша түзетулер енгізіп немесе себептерін көрсете отырып бас тарта алады.

Өз кезегінде қарыз алушы немесе несие беруші ұсынған қайта құрылымдау шарттары:

- сыйақы мөлшерлемесін төмендету;
- төлемді кейінге қалдыру;
- өтеу әдісінің өзгеруі;
- қарыз мерзімін ұлғайту;
- борыш жүктемесін азайту;
- ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізу;
- кепіл мүлкін кредиторға беру жолымен бас тарту арқылы ұсыну;
- сатып алушыға міндеттемені бере отырып, жылжымайтын мүлікті сату.

Осы түзетулерді енгізу қабылданған күннен бастап 15 күн ішінде жүзеге асырылатын болады.

Егер қарыз алушы несие берушімен келісімге келе алмаса, онда ол қаржы нарығын реттеу агенттігіне жүгінуге құқылы. Оған банкке немесе МҚҰ-ға өзінің жүгінуінің және өзара тиімді шешімге қол жеткізбеуінің дәлелдерін ұсыну қажет.

Агенттік кредиторға қатысты құжаттамалық тексеру бастап осыдан кейін ұйымның мәселені жан-жақты қарауға және қабылданған шешімге қатысты іс-қимылына баға береді. Осы кезеңде қаржы институты халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын борышкерлердің кепілге салынған мүлкін өндіріп алу рәсімдерін бастауға құқылы емес.

«Қазіргі уақытта агенттік қолданыстағы бағдарламалардан басқа, қарыз алушыларды қайта қаржыландыру және қолдаудың қандай да бір бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді қарастырмайды», – деп қорытындылады агенттікте.

Дана халқымыздың біртуар ер–азаматтарымен қатар, қазақ қыздары–ның арасында да дараланып шыққан көрнекті қайраткерлеріміз баршылық. Осындай зиялы жандардың бірегейі деп мақтанышпен айтар болсақ, ол – еліміздің ғылымы мен жоғары білімі саласында 60 жылдан астам уақыт талмай қызмет етіп келе жатқан академик Әлия Бейсенова. Оның атқарған ерен еңбегін – ғылым жолы мен ұстаздық жұмысына деген шынайы берілгендік пен кіршіксіз адалдықтың белгісі деуге болады.

ТОҚСАННЫҢ ТӨРІНЕ ШЫҚҚАН АКАДЕМИК

Әлия Сәрсенқызының бүкіл саналы өмірі Қазақстан жоғары білімінің қара шаңырағы болып табылатын – «қарт ҚазПИ-мен» тікелей байланысты. Ғалым-ұстаз апайымыз осынау жылдар аясында: аспиранттан – ғылым докторы, профессор, академик, ал ассистенттен – лаборатория және кафедра меңгерушілігі мен орталық директоры және факультет декандығы қызметтері лауазымдарын үнемі ізденіс үстінде атқарды, ал оқу орнымыздан тыс қалалық және үкіметтік деңгейде қоғамдық негізде атқарған қомақты жұмыстарының өзі бір төбе.

Табиғатты аялаған апайымыздың негізгі ғылыми зерттеулері де жаратылыс тылсымын қоғам дамуы заңдылықтарымен бірлестікте зерделеуге қатысты аса ауқымды мәселелер. Ол кеңес заманынан бастап күні бүгінге дейін еліміздің экологиялық проблемаларымен тынбай айналысуда және мұны шешу мәселесіне қажетті оның нақтылы тұғырының бірі саналатын – елімізде тұңғыш рет «Экология» мен «Туризм» мамандықтарын ашып, осы зәру бағыттағы жоғары білімді алғашқы маман-кадрларды даярлауға тікелей мұрындық болып әрі мұны сонау 1980-1990 жылдар тоғысында өзі тұлегі болып табылатын қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-да жүзеге асырған іскер тұлға. Еліміздің оқу-ағарту саласына білікті мұғалімдер дайындауға да белсене атсалысқан әдіскер-ғалым. Сондай-ақ, Әлия Сәрсенқызы аталмыш оқу ордасының «География және экология» ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі ретінде көп жылдар бойы төл тілімізде әзірленген жоғары және орта мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының, карталар мен мектеп атластарының және басқа да оқу-әдістемелік туындылардың авторы болып табылады.

Еліміздегі экологиялық білім мен тәрбиенің негізін қалаушы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Әлия Бейсенова – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бірнеше атаулы («Шоқан Уәлиханов», «Ахмет Байтұрсынов», «Қаныш Сәтбаев», т.б.) сыйлықтардың, II-ші дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендері мен көптеген үкіметтік марапаттардың иегері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының және бірнеше салалық академиялардың академигі.

Құндылықтарға толы Әлия Бейсенованың іргелі ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулерінен тұратын жалпы саны 550-ден астам еңбектері – өз кезегінде ұстаздар қауымдастығы, оның ішінде еліміздің ертеңі болып табылатын білімді де білікті жастар үшін маңызы зор қомақты дүние әрі асыл мұра болып саналады.

Осы орайда біздер, жан-жақты жарасымды жан-апайымыздың әріптестері мен шәкірттері – отандық экология және география ғылымдарының көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосушы аяулы ардагердің өнегелі өмір жолы мен тағылымы мол ғибратты ғұмырын әрқашанда үлгі тұтып, мақтан етеміз. Халқымыз бен қоғамымыздың құрметіне бөленген аса қадірлі Әлия Сәрсенқызын өмірінің маңызды бір белесі – торқалы тоқсан жастың төріне шығуымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр, бар жақсылықтар мен мол қуаныш және амандық тілейміз!

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Жаратылыстану–география»
институтының ұжымы атынан:

Каймулдинова К.Д., «Жаратылыстану және география» институтының директоры, профессор, г.ғ.д.

Увалиев Т.О., «Жаратылыстану және география» институтының Ардагерлер кеңесінің төрағасы, доцент, п.ғ.к.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ТАПҚАН-ТАЯНҒАНЫН ТОНАҒАНДАРҒА ҚАШАН ТОҚТАУ БОЛАДЫ?

01–беттен

Екіншіден, алаяқтықтың алуан түрін меңгергендердің белсенді жұмыс істеуі экономикалық ахуалдың және көпшіліктің инвестицияға қызығушылығының артуына байланысты-мыс. Нәтижесінде қаржы пирамидалары өздерін қыруар табысқа кенелтетін ұйым ретінде көрсетеді.

Бүгінде аталған күмәнді қаржы ұйымдары да түрленіп келеді. Оңай олжаға дәніккендердің басында көбінесе шетел азаматтары тұрғандығы да белгілі болды. Бұл өз кезегінде оларды жауапқа тартуды қиындатады.

Соңғы уақытта қаржы пирамидасы елімізде кеңінен қанат жайғаны жасырын емес. Атап айтқанда, бүгінде алаяқтар өз арбауына түсіру үшін айла-тәсілдерін де уақыт ағымына сай түрлендіруде. Әсіресе, әлеуметтік желі арқылы әлеуметті түрлі жарнамаларға сендіріп, оған танымал блогерлерді тартуда. Мәселен, Mudarabah Capital қаржы пирамидасын жарнамалағандардың қатарында желідегі парақшасында миллиондаған оқырманы бар вайнерлер екендігі көзіқарақты көпшілік біледі. Бүгінде қаржы пирамидасын жарыса мақтағандардың үстінен іс қозғалды. Күмәнді іс опа бермесі анық.

■ Былтырдың өзінде Қазақстан бойынша 31 мыңнан астам адам қаржы пирамидасының құрбанына айналды...

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Талай жанды сан соқтырған қаржы пирамидалары әлемде бірнеше ғасыр бұрын пайда болды. Құрылымы мен бағыты әрқилы болғанымен, олардың алдында тек бір ғана мақсат тұрды – қандай да жолмен адамдардың сеніміне кіріп, олардың ақшасын түрлі жолдармен иемдену.

Тарихқа үңілер болсақ, ең алғашқы осындай құрылымды 1717 жылы франциялық қаржыгер Джон Ло құрған. Оның әккі әрекетінен көптеген Франция азаматтары және ел экономикасы аса үлкен зардап шекті. Ал, әлем тарихындағы ең ірі қаржылық пирамиданы өткен ғасырдың алпысыншы жылдары американдық Бернард Мэдофф құрған болатын. Жарты ғасыр жұмыс істеген компанияның қитұрқы схемаларынан 3 миллион адам зардап шегіп, 50 млрд АҚШ доллары көлеміндегі қаржы ізім-ғайым жоғалды. Бұл әлем тарихында «Ғасыр пирамидасы» деген атаумен қалды.

Осы уақытқа дейін ірілі-ұсақты жүздеген қаржылық пирамидалар жұмыс істеді. Бірінің «ғұмыры» ұзақ болса, енді бірі аз уақыттың ішінде күйреп үлгерді. Әсіресе, көпшіліктің есінде Сергей Мавроди негізін қалаған «МММ» компаниясы ұзақ уақытқа дейін сақталатыны сөзсіз. Ресми деректерге сүйенер болсақ, Ресей тарихындағы ең ірі қаржы пирамидасының әрекетінен 15 миллионға жуық азамат зардап шеккен, жүзге тарта адам суицид жасап, қайтыс болған.

Күн өткен сайын қаржылық пирамидалардың түрлері де көбейіп жатқандығын жоғарыда атап өттік. Енді оларды анықтаудың бірнеше тәсілдерін келтірейік.

Біріншіден, қаржылық пирамиданың өкілдері жаңа қатысушы тартқанда қыруар табысты, ақшаның тоқтаусыз ағымын, мансаптық сатыда жылдам көтерілуге уәде береді.

Екіншіден, қоғамға белгілі немесе сіздің жақын танысыңыз арқылы жан-жақты жарнама жасап, түрлі тренингтер жүргізеді.

Үшіншіден, танымал блогер немесе вайнерлер арқылы әлеуметтік желіде түрлі ойындар мен байқаулар өткізеді. Олардың қатарында ағаш отырғызу, үй жануарларын сатып алу, өзара көмек кассасы сынды бағыттар бар. Алайда, аталған «ойынға» қатысу үшін алғашқы кезеңде қандай бір нақты ақша сомасын салу керек. Былайша айтқанда, бұл әдіс – заманауи қаржы пирамидасының бір түрі десек те болады.

Қазіргі күнде қаржылық пирамиданың кеңінен тараған екі түрі бар. Бірнеше деңгейлі пирамида түрі. Мұнда әр жаңа қатысушы алғашқы салымын салады. Оның сомасы әрқилы болуы мүмкін. Салынған ақша жаңа мүшені алып келген және оны алып келуге кеңес берген адамның арасында өзара бөліске түседі. Кейіннен жаңа қатысушы дәл сол жүйемен артынан 2 адам кіргізуі тиіс. Олардың да ақшасы дәл осылай бөлінеді.

АҚШ-та 1920 жылы ең алғашқы қаржылық пирамиданың негізін қалаған Чарльз Понци құрған жүйе бұдан өзгешелеу. Понци жүйесінде жаңа адам тартудың қажеті жоқ. Ол ел арасындағы түрлі ақпараттар мен қауесеттер арқылы жүзеге асады. Аталған жүйенің алғашқы мүшелерінің табысы өте қомақты болады. Мүшелерінің қыруар байлыққа кенеліп жатқандығы туралы ақпаратты естіген көпшілік өздері-ақ қаржылық құрылымның мүшесі болуға ықылас танытады. Мавроди құрған «МММ» қаржылық пирамидасы да Понци жүйесі арқылы жұмыс істеді.

Мамандардың айтуынша, қаржылық пирамидалар жұмысының ең басты ерекшелігі – адамдардың санасына психологиялық және эмоционалды түрде қатты ықпал ету. Салымшыны ұстап қалу үшін олар түрлі айла-әрекеттерге барады. Тұтынушыға жан-жақты ықпал ету үшін жарнамалар жасап, оның қаражатын қандай да жолмен алуды мақсат етеді.

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНА ТҮСПЕУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сарапшылар қаржылық пирамидалардың қармағына қармалып, кейіннен опық жеп қалудың бірнеше себептерін атап өтеді. Олардың қатарында халықтың қаржылық сауатының төмендігі мен осы бағыттағы заңнама бойынша білімінің жеткіліксіздігі бар. Сонымен қатар, отандастарымыздың қарапайым экономика заңдылықтарынан мақұрым болуы көптеген олқылықты жайттардың орын алуына септігін тигізуде.

Былайша айтқанда, азаматтар ауадан ақша жасауға болатындығына иланады, шығын мен кірістің ара қатынасын ажыратуға құлықсыз немесе сауаты жетпейді. Бұған қоса, халықтың құқықтық білімінің де таяздығы алаяқтардың арбауына түсуге мүмкіндік беріп отыр. Қоғамда үлкен резонанс тудырып отырған осы мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударған болатын. Президент өз сөзінде халықтың қаржылық сауаттылығын көтеруді алға тартып, қаржылық пирамидалар мен осы тақілеттес күмәнді ұйымдар құрған тұлғалармен күресті күшейту қажеттігін баса айтты.

Мамандар қаржылық пирамидалардың нақты белгілері ретінде бірнеше тетіктерді келтіреді. Атап айтқанда, олардың қатарында жаңа салымшылар мен мүшелерді тартқаны үшін қомақты сыйақы беру, корпоративтік іс-шараларға, түрлі сыйлықтар тарату мен жолдамалар ұтыстарына қатысуға шақыру бар. Сондай-ақ, компаниялардың ақшаны салымшылардан қалай қабылдайтындығына назар аудару қажет. Көптеген күмәнді ұйымдар қаражатты қолма-қол қабылдайды немесе интернет-төлемдер мен аударымдар жүйелерін пайдаланады. Ең басты ескеруге тиіс нәрсе, компанияның иелері мен оның басшылығы туралы ақпаратты жан-жақты жете зерделеу керек. Ұйымның қай жерде тіркелгендігіне де назар аударған жөн. Егер басшылық туралы деректер құпия болса, ал компания қандай да бір аралда яки оффшорлық аймақта тіркелсе, онда оған өз ақшаңызды салмағаныңыз абзал.

АЛАЯҚТАРМЕН КҮРЕС: ЗАҢ КҮШЕЙЕДІ, БАҚЫЛАУ ҚАТАҢДАЙДЫ

Статистикалық деректерге сүйенер болсақ, соңғы бес жылда елімізде алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қатысты қылмыстар 26 пайызға өскен. Белгілі болғандай, алаяқтықтың құрбандарының арасында әлеуметтің әлжуаз топтарының өкілдерінің қарасы басым. Халық қалаулылары осыған орай қазақстандықтардың қаржылық сауатын арттыру аясында қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылды күшейту қажеттігін айтып, дабыл қағуда.

Бас прокуратура таратқан мәліметтерге сүйенсек, қылмыстың осы түрлеріне қарсы іс-қимыл жасау үшін мекемеаралық жұмыс топтары құрылып, ынтымақтастық туралы меморандумдар, әдістемелік құралдар әзірленіпті. Сондай-ақ, микронесие беру қағидаларына өзгерістер енгізіліп, қылмыстарды ашу және тергеу бойынша жедел-тергеу топтары құрылған екен.

Бір бұл ғана емес. Алдағы уақытта Парламент алаяқтық әрекеттер мен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мен заңнаманы жетілдіруді көздеп отыр. Бұл тараптағы Заң жобасы да дайын.

СӨЗ СОҢЫ

Сананы тұрмыс билейтіні бұрыннан белгілі ғой. Десе де, тұрмысты түзеймін деп тірнектеп жинаған қаржыңды жұмсамас бұрын «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» абзал. «Көлдің тақырға айналуы оңай, байдың пақырға айналуы оңай». Қазақтың Шерағасының, Шерхан Мұртазаның осы пайымын жете зерделегеніміз дұрыс. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бұл.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ СУБСИДИЯЛАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Субсидиялау бағдарламасына «Отбасы банкінен» арнайы SMS–шақырту алған қазақстандықтар қатысады. Олар сәуір айының ішінде онлайн режимде өтінім тапсырып, банк мақұлда–уын алуы қажет. Өтінім otbasybank.kz порталының («Баспана маркет» маркет–плейсі) «Жалға алу ақысын субсидиялау» бөлімінде жасалады.

Жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасының шарттарына сәйкес келетін барлық қазақстандықтар мамыр айында otbasybank.kz платформасында өтінім бере алады.

Жалдау төлемдері бойынша мемлекеттік қолдауға төрт санат бойынша кезекте тұрған қазақстандықтар өтініш бере алады:

- 1 және 2 топтағы мүгедектер;
- мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар;
- көп балалы отбасылар.

Жалдау ақысын субсидиялауға үміткерлер қатарындағы отбасылардың соңғы 6 айдағы орташа жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда бір ең төменгі күнкөріс деңгейінен (36 018 теңге) аспауы тиіс.

«2022 жылы азаматтарымызды қолдауға 50 млрд теңге қарастырылған. Оның 40 млрд теңгесін республикалық бюджеттен алу көзделсе, 10 млрд теңгесін жергілікті әкімдіктер бөледі. Бюджеттен қаржыландыру мамыр айында күтілуде. Жаңа бағдарлама шамамен 70 мың адамды қамтымақ, олар жалдау ақысының 50 пайызын алады. Қазақстандықтар қысқа мерзімде кезексіз өтінім берулері үшін біз бүкіл процесті онлайн режиміне аудардық», – деп түсіндірді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

Субсидия алуға өтінімдер электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен қабылданады. Сондықтан азаматтар оны алдын ала алулары немесе қолданыстағы ЭЦҚ-ның жұмыс істеп тұрғанын тексерулері керек.

Тағы бір талап – субсидия алуға үміткер депозиті бар, «Отбасы банк» клиенті болуы тиіс. Жинақ шоты жоқ азаматтар бейнебанкинг қызметі немесе Otbasy bank мобильді қосымшасы арқылы оны аша алады.

Ізінше субсидия алуға үміткер otbasybank.kz порталында тіркеліп, жеке кабинетінде өтініш жаза алады. Ол үшін, ең алдымен, төлемдерді алу туралы өтінішке қол қояды және жеке деректерді жинауға, өңдеуге келісім береді. Құжаттарға қол қойылғаннан кейін жүйе деректерді өңдеп, отбасының құрамын анықтайды.

Содан кейін кәмелеттік жасқа толған әрбір отбасы мүшесі otbasybank.kz сайтында «қонақ» ретінде тіркеліп, ЭЦҚ арқылы жеке деректерді жинау және өңдеу келісіміне қол қоюы керек. Осыдан кейін жүйе деректерді қайтадан тексеріп, өтініш берушіге субсидия алуға келісім береді немесе себебін түсіндіріп, өтінішін кері қайтарады.

Егер өтініш мақұлданса, хабарламада жалға алу аймағы, пәтер ауданы, жалдау ақысының максималды мөлшері мен қатысушыға тиесілі ең жоғары субсидия көлемі көрсетіледі. Осыдан кейін «Пәтер иесі туралы деректер» бөлімінде өтініш беруші жалға берушінің ЖСН немесе БСН көрсетуі керек және осы сәттен бастап процесс жалға алынатын тұрғын үйдің иесі қосылатын екінші кезеңге өтеді.

Баспананы жалға беруші де otbasybank.kz сайтында ЭЦҚ арқылы тіркеліп, «Жалға алу ақысын субсидиялау» бөлімінде деректерін растайды. Сондай-ақ, жеке деректерді жинау және өңдеу туралы өтінішке қол қойып, жалға берілетін пәтердің кадастрлық нөмірін және қаражат аударылатын 20 сандық шотты көрсетуі керек. Осыдан кейін жүйе жалдау шартын және төлем кестесін жасап шығады, оған тараптар ЭЦҚ арқылы қол қояды.

Субсидия алуға өтініш беруші жалдау шартын тіркегені үшін 4 810 теңге көлемінде мемлекеттік баж төлейді. Содан кейін оның жеке кабинетінде төлем кестесі бар жалдау шарты пайда болады. Ал, жалдамалы баспананы қазақстандықтар өздері іздейді.

«Отбасы банкі» жалдамалы тұрғын үй субсидиясын жалға алу келісімшартының мерзімі аяқталғанша, ай сайын аударып отырады. Құжаттың күшін мерзімінен бұрын жоюға, сондай-ақ жаңа үй иесімен келісімшарт құруға рұқсат етілген. Бұл жағдайда otbasybank.kz порталында өтініш беру процесі қайтадан жасалады.

«Отбасы банкі» жыл сайын субсидия алушылардың шарттарға сай келуіне мониторинг жүргізіп, төлем тәртібін ай сайын қадағалап отырады. Ал, жергілікті әкімдіктер жалдамалы үйлер мен онда тұрып жатқан азаматтарды кемінде тоқсанына бір рет тексеретін болады. Баспананы жақын туыстардан және жұбайлардан, оның ішінде бұрынғы жұбайларынан және ерлі-зайыптылардың туыстарынан жалға алуға, сондай-ақ қайта жалға өткізуге тыйым салады.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Жыл басында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әлеуметтік осал топтарға жалға алып отырған тұрғын үйінің 50 пайызын Үкімет төлейтіндей көмек тетігін әзірледі. Яғни, жалға алу құнының 50 пайызын мемлекет, қалған 50 пайызын жалға алушы төлейді. Жаңа бағдарламаны «Отбасы банк» АҚ жүзеге асырады. Демек, төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру мәселелері бойынша тұрғындар «Отбасы банкіне» хабарласа алады. Call–орталық: 300 (ұялы телефон бойынша тегін); +7 (727) 330–9–300.

БИЫЛ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ ҮШІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА 73 МЫҢ, КОЛЛЕДЖДЕРГЕ 31 МЫҢ ГРАНТ БӨЛІНІП, БАСЫМДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА БЕРІЛЕДІ

ҚАҢТАР САБАҚТАРЫ

• ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ – ЕРМЕК ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

■ Бірінші вице-премьер-министр Роман Склярдің мәліметінше, қаңтар оқиғасы кезінде зақымдалған Алматы қаласы әкімдігінің ғимаратын қайта жаңарту жұмыстары қазан айында аяқталады...

ҚАНАУ МЕН ТОНАУ

«СЫРТҚА АҚША ЖАСЫРҒАН БАСШЫНЫҢ ЕЛДІ ТҮБІ ҚҰРДЫМҒА АПАРАТЫНЫН» ҰМЫТУҒА ТАҒЫ БОЛМАЙДЫ

01-беттен

Атақты жазушы Антон Чеховтың: «Халық – тобыр. Оған жақсы бақташы, жақсы ит керек», – деген сөзі бар. Жазушы одан әрі: «Біз өзіміздің бойымыздағы қордаланып қалған құлдық қасиеттерді тамшылатып сығып шығаруымыз керек. Себебі, орыс қоғамы бертінге дейін крепостнойлық, құлдық қоғам болды. Ал, осы құлдық қоғамға тән психология капитализм кезінде де сақталып, кедергі жасады. Құлдық психологиямен жарқын қоғам орната алмайсың. Сондықтан құлдық психологиядан біз арылуымыз керек», – деді.

Ұлы жазушы айтпақшы, біздің бойымызда да жағымпаздық пен құлдық психология шегенделіп қатып қалған. Ол жібуі үшін алдымен санаға төңкеріс жасауымыз керек. Ұзақ жылдар бойғы санамызды жаныштаған тоталитарлық тәрбие бізді құл етіп езіп жіберді. Осы құлдық психологиядан айықпасақ, көретін күніміз осы! Чехов айтпақшы, ол кезде бізге «тамшылатып» емес, қатты сығымдап, шелектеп төгу керек болады.

Қазақ – ақылды, ар-намысы бар халық. Өз арына сай іс-әрекет жасауға бейім. Халық нарық заңдылығына да дайын. Оның бойында нарыққа қажетті қасиеттер жетіп артылады. Нарық білімді талап етеді, ал халық білімнен құр алақан емес. Мамандарымыз – қытайлық, малайзиялық дамыған елдердің мамандарымен салыстырғанда артық болмаса, қалыс қалмайды. Қазақ – кедейліктен безіп, байлыққа ұмтылған халық. Халқымыздың ойлау жүйесі бір саладан екінші бір салаға аттап өтуі жеңіл. Біздің ойлау жүйеміз бейнелі-сезімдік болғандықтан, ойлау жүйеміз нарыққа сай келеді.

Нарық дегеніміз – стихия. Оны ұйымдастыра білу керек. Жергілікті әкімдер оған құлықсыз. Олар шетелдік инвестицияға «наркоман» болып алған. Французбар айтпақшы, «бүрге саудасы – нарық емес». Кез келген қиын өткелдерден аяқ асты жол тауып өтіп кетуді талап ететін құбылысқа бейімділік танытуымыз қажет. Бізге кез келген қиын жағдайдан шығып кетуге бейім шенеуніктер керек. Демек, үкіметтің берген бюджет қорын бөліп берумен айналысатын шенеуніктерді ұстау қаншалықты тиімді?! Сондықтан жүйелі фантазия, қиял, болжау, қиыннан қиыстыра білу, елестету қасиеттеріне бай шенеуніктер қажет.

Нарықта бастысы – сертке беріктік. Ол өзгелердің сенімін ұялатады. Осы талаптарды қатаң ұстанған Оңтүстік Корея, Жапония, Малайзия сияқты елдер экономикасын тез аяқтан тұрғыза алды. Бұл – қазаққа тән қасиет. Адамгершілік, ағайынгершілік, бір-біріне қайырылғыштық, қайырымдылық, адалдық – қазақтың табиғатымен үйлесім тапқан қасиеттер. Халқымыз талай қырғынды бастан өткерді. Осындай қауіп-қатерден аман шығып, өзгеге пана да болды. Сын сағатта досқа күлкі, дұшпанға таба болмады. Қайбір саланы алсақ та, қазақ басқадан озбаса, кем қалған жоқ. Ол ғарышқа ұшып, озық техниканың құлағында ойнады, ғылымның сан саласын меңгерді, өнерде аты озық келді, спорт жарыстарында жетістіктерге қол жеткізді. Бұл кешегіміз бен бүгінгіміз. Болашағымыз одан да зор.

■ ҚАЗАҚ БАРЫНАН АЙЫРЫЛСА ДА, МАЛЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЕМЕС

Өкінішке қарай, ауылды күйзелтіп алғанымыз рас. Мемлекет басшысы осыны жолға қоймақшы. Ауылдың бүгінгі басынан кешіріп отырған қиямет-қайымы турасында сол ауылда тұратын адамдардың айтпағаны жоқ. Қайсыбір шамадан тыс прагматикалық-вестерндік баспасөз шолулары бұл тақырыпты айналып өткен емес. Қалай болған күнде де, бұл тақырыптың азабы мен бейнесі, машақаты мен қиындығы молынан жетіп артылады. Салада қолы тазалар қалмағандай, қайда барсаң да ақсауды көресің.

«Бұл жерде ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректерінің анықталғанын атап өтуге болады. Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін екі триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде бұл салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батуда. Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерді суландыруға бөлінген 80 млрд теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былтыр қуаңшылық болған кезде шаруалар жемшөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игердік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселеп көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың тұтас жүйесін қайта қарауды тапсырды. Президент мемлекеттік сатып алуларға беделі бар, тиісті техникасы бар, білікті жұмысшылары бар, салықты уақытылы төлейтін өндірушілер қатысуы керек деп есептейді.

«Қазір сыбайлас жемқорлықты нақты жоюдың орнына, процесті бюрократияландыру жүріп жатқанын көріп отырмыз. Тапсырысты орындаушыны таңдауға бірнеше ай кетеді, бірақ бәрібір сапа мен адалдық жетіспейді. Қолданыста бар нормативтік сүзгілерге қарамастан, қандай тендер болсын, оны кім жеңетіні көбіне белгілі болып тұрады. Мәселен, екі жылда «ҚазАвтоЖол» техникалық қадағалау қызметі 99 сатып алу конкурсын өткізген. Олардың тең жартысын үлестікке қатысы бары айқын төрт компания жеңіп алған. Ал, елімізде аккредитациядан өткен екі мыңнан астам ұйым мен сертификатталған алты мыңнан астам сарапшы бар. Сондықтан халықаралық деңгейдегі компаниялардың мемлекеттік сатып алуларға сирек қатысатынына таңғалуға болмайды», – деді Президент.

Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтқан сөздерінен қорытынды шығаратын кез келді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласына қатысты пікірлеріне жауапты сала басшылары мұқият зер салуға міндетті.

Жасыратыны жоқ, аграрлық салада қордаланған мәселе шаш етектен. Қазақстан халқының 40 пайызы ауылдық жерде тұратынын ескерсек, олардың басты табыс көзі де осы атакәсіп саналады. Оның үстіне ауыл халқының 90 пайызы қазақтар екенін естен шығаруға тағы болмайды. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде ауылды жерлердегі өндіріс ошақтарын жолға қоймаса, тұтастай елімізді дамыту туралы айтудың өзі қиын. Дәл бүгін қазақты тығырықтан алып шығатын осы сала. Бүгінде ауыл қазағы да, қала қазағы да аш, оны мойындауымыз керек.

Кезінде Қытай көсемі Мао Цзэдун: «Үш жыл қажырлы жұмыс, он мың жыл бақыт», – дегенде барлық күшті ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсаған болатын. Ал, реформатор Дэн Сяопиннің: «Алдымен халықты тамақтандырып, содан кейін құрылыс жүргізу керек», – деуі Қытай халқын еңбекке құлшындырғанын ұмытпағанымыз жөн.

Шындығына сайсақ, қазір бүкіл Қазақстан екпінді құрылыс алаңына айналып кеткен сияқты. Ол да керек, бірақ ол үшін алдымен халықты тамақтандырып, киіндіру керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алынып отырған реформалаудың алғашқы кезекте жаңартуды қажет ететін бірнеше бағытын белгілеп берді. Әйтсе де, осылардың ішінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларына, кадр мен күш құрылымдарына ерекше басымдық берілуі тиіс.

Қазақтың күні малмен бірге өрілген. Ол барынан айырылса да, малынан айырылған емес. Ауылдық жерде тұрып, мал жаятын жайылымды былай қойып, үй салатын жер жоқ дегенге сенудің өзі қиын. Мұны тіпті көз алдыңызға елестете алмас едіңіз. Елдің өкпесін қара қазандай қылған, орынды өкпе-назын туындатып отырған жайылым мәселесі талайдан бері айтылып келеді. Бұл жайында жақында Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтті. Мәселен, Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында былай деп үн қатқан болатын: «Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды. Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс. Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек. Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс».

Бұл жерде ауыл тұрғындары аспандағы айды алып беріңдер деп буынсыз жерге пышақ ұрып отырған жоқ. Бар болғаны мал жаятын жайылым мен шабындықтың және үй салатын жер телімінің мәселесі шешілсе болды деп отыр. Жұрттың жанайқайына назар аударатын, түйінді мәселені біржола шешетін уақыт әбден жетті. Жан-жағының бәрі шөбі шүйгін алқап, ел іргесін жанай өтетін өзені бар жерде өріс таппай қиналғандары кімнің болсын жанына бататы рас.

■ ДАҒДАРЫС ҚАМЫТЫ ҚЫСҚАНДА АМЕРИКАНЫ АГРАРЛЫҚ САЛА ҚЫСПАҚТАН АЛЫП ШЫҚҚАН БОЛАТЫН

Бүгінде ауыл шаруашылығы күйреу кезеңінің алдында тұр. Өтпелі кезеңнің ең бір ұрымтал да босаң буыны, күткеніміздей, осы аграрлық сектор болып шықты. Реформалар тұсында қай заманда, қай елде болсын аяққа тұсау болып, ең соңынан қозғалатын аталмыш сектордың өзіндік ерекшеліктері де пәлендей құпия емес. Әйтсе де, бізге «Жасыл революция» жақындап келе жатқан сыңайлы.

Өткен ғасырдың 60-шы, 70-ші жылдары Азия мен Африканы дүр сілкіндірген аграрлық негіздегі «Жасыл революцияны» ұмыта қойған жоқпыз. Ал, «азиялық-африкандық» тәжірибе көңілге қонбайды десек, онда Батыс жарты шарының тірегі АҚШ-та жүргізілген «Жаңа бағыттың» ауыл шаруашылығына қатысты қолға алынған іс-шараларына назар салсақ деймін. Дағдарыс қамыты қысқанда Американы қыспақтан алып шыққан аграрлық сала болатын.

Сол жылдары АҚШ президенті болып сайланған Франклин Рузвельттің елді қандай жағдайда қабылдап алғаны баршаға мәлім. Жан-жақты жайлаған дағдарыс ауыл шаруашылығын да жеріне жеткізе тұралатып тастаған еді. Алайда, АҚШ-тың 32-ші президенті қатаң да ұтымды және күтпеген шешімдерге батыл қадам жасады. Бүкілфермерлік ұлттық ереуілден бір-ақ күн бұрын Конгресс «Ауыл шаруашылығын реттеу» жөнінде заң қабылдайды. Сол күндері президенттің түбі инфляцияға алып келер мұндай батыл шешіміне таңданып, жағасын ұстағандар орасан зор күшке айналады. Бюджеттік бюроның директоры Льюис Дуглас заң турасында: «Бұл Батыс өркениетінің ақыры болып табылады», – деді. Ал, Франклин Рузвельт болса: «Мен сіздерге ашықтан ашық айтып отырмын – бұл жаңа да беймәлім жол, ағымнан жарылып айтамын, бұған дейін болып көрмеген ахуал, ауыл шаруашылығын сақтап қалудың жаңа тәсілдерін қажет етеді. Егер заң әділ тұрғыдағы әкімшілік бақылаудан шығып кетер болса және ол күткен нәтижелерге қол жеткізбесе, онда мұны алдымен өзім мойындап, осы хақында сіздерге мәлімдейтін боламын», – деді.

Франклин Рузвельт осыған орай 1935 жылдың қаңтар айында: «Мен біздің халықтың өмірлік күш-жігерінің, түрлі, уақытша садақалар мен тағамдық пакеттерге иек артып, аптасына бірнеше сағаттық көгалдандырумен яки қоғамдық бақтардағы жапырақ жинау мен қоқыс жинауға жұмсалғанын қаламаймын. Біздер еңбекшілерді тек қана осы тұрғыда құтқаруға тиіс емеспіз», – деп мәлімдеме жасады. Бізге осы жолмен жүру де керек сияқты.

1929-1933 жылдары экономикалық дағдарысқа ұшыраған АҚШ-тағы қиын-қыстау күйзелісті жеңіп шығуда американдықтар Франклин Рузвельтке ерекше қарыздар. Президент өзінің алдындағы әріптесі Герберт Гувер ел билеген кездегі ұзақтығы мен күші жағынан өзіне ештеңе тең келмейтін «Ұлы дағдарыстан» ауыр мұра қалды. Сол тұста «Жаңа дәуірдің» күні келмеске кетіп, ел экономикасының барлық саласында «ойық жара» пайда болды. Сондықтан Франклин Рузвельт билікке келген жылдары жағдайға көңілі толмаған жұмысшылар мен фермерлердің наразы дауыстары шығып жатты. Қоғам кедейшілік қамытын кигендіктен, өздеріне көмек көрсетуді сұраған миллиондаған қарапайым адамдардан сырт айналып, олардың жағдайына немқұрайлы қарау мен сезіктену белең алды. Ел ішінде: «Біз демократия үшін күрестік, енді оның орнына не алдық?» деген үндеу көтергендер көп болды. Дәл осы тұста Франклин Рузвельт: «Менің ақыл-ойым маған елдің батыл да табанды тәжірибе жүргізуді талап етіп отырғанын, ол үшін қайсыбір әдісті таңдап алып, оны өзімізде сынау керектігін айтады. Егер ол күткендегідей нәтиже бермесе, басқа әдісті ойлап табу керек. Қол қусырып қарап отыруға болмайды, қалай болған күнде де, бір нәрсені байқап көру керек. Ел экономикасын тұрақтандыруға қабілетті шынайы әдіс аурудың сыртқы белгілерін емдемей, өмір сүріп отырған жүйенің айналасындағы бактерияларды жоюы тиіс», – деді.

Шындығына сайсақ, оның бар мақсаты – жүйені емдеп, елді содан құтқару болатын. Қазақстан Президентінің де бар ұстанымы осыған саяды. Осыған байланысты Президент елдегі ауыр жағдайды түзету мақсатында бұрын мардымсыз жалақы алып келген жұмысшылар категориясына еңбекақы мөлшерін арттыру сияқты маңызды мәселелерді қозғауы шынайы шықты. Елді дағдарыстан шығаруға байланысты Президент қабылдаған іс-шаралар мемлекет аумағындағы кең ауқымды қиындықтарды жеңуге алғышарт жасады. Мемлекет басшысының реформаторлық бастамалары белгілі бір деңгейде жұмысшылардың сана-сезімінің өсіп, талантты жас қайраткерлер мен жалпы бұқара халықтың батыл іс-әрекеті негізінде олардың экономикалық талаптары саяси сипаттағы тілектермен астасқан жаңа форматты идеялардың пайда болуына ықпал етті.

Бұл ретте Президент кімге, қашан және қаншалықты дәрежеге дейін жеңілдік жасауға болатынын жақсы білді. «Жаңа Қазақстан» реформасы тұрақтанысымен, жаңа қоғам құрудың қарқынды сипаты күрт артатыны анық. Қасым-Жомарт Тоқаев талантының мәні оның күрделі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілеттілігінен гөрі саяси жағынан жүзеге асыруға болатын шешімдерді қабылдауға деген ерекше сезімталдығында жатыр. Президент өзі қолға алған өзгеріске бастамашыл болғаннан бұрын оның катализаторы болудан тартынған емес. Оның бойындағы ерекше адамгершілік қасиеттері – күшті темперамент, күш-қуат, стратегтік көрегендік, иілгіштік, қалыптасқан жағдайды дәл түсінушілік, дер кезінде ескіден бас тартып, өзгеріс жасауды мойындау тәрізді қабілеттер еді. Оған ең бастысы – іс-әрекеттің ақырғы нәтижесі керек. Президент кері шегінуді шабуылға айналдыруға қажетті күш-қуатты тежейтін жалғыз нәрседен – ессіз, келбетсіз ақтауға келмейтін баянсыз іс-әрекеттен бойын таза ұстауы көптеген келелі істерге жол ашып берді.

Бұл жерде, жоғарыда айтқанымыздай, Гётенің «Фауст» еңбегіндегі «Халықтың нағыз көгі (аспаны) жерде» деген қанатты сөзіне құлақ қоя отырып, өкінішке қарай, мүлде сирек айтылатын жерге деген еуразиялық-номадтық, одан қала берді таза қазақи көзқарастардың философиялық мәні бар «таза ментальдық» және «тасада қалған» тұстарына әдейілеп қайта соғамыз деген үміт те жоқ емес. Біздің прагматикалық-технологиялық ойлар басымдық танытып отырған бүгінімізде гендік сапасы ерекше ауылға деген – тірі адамға тән жандүниеден жарып шыққан сезімдік көңіл-күй мен терең түсінушілік тапшылық тудырып отырғаны күмәнсіз. Алайда, бұл басқа әңгіменің тақырыбы.

■ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІКТІ ТҮЗЕТУ БҰРЫНҒЫ ҮКІМЕТТІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛМЕДІ

Қазақстандық бағытта американдық тәжірибелерге ұқсас тұстары мейлінше жеткілікті. Тарихи-ментальдық ерекшеліктерімізді айқындап тұрған жерге деген жекеменшік турасында өзіндік ұқсастықтарымызды былай қойғанда, ауыл мәселесіндегі басым бағыттар түрлі ойларға жетелейді. Бұл жерде бәріміз қосылып ашқарақтанбауымыз керек. Бізді құртқан – осы ашқарақтық! Бұл туралы Президент айтарындай-ақ айтты.

Біріншіден, ауылдық жерлердегі «реформаның» (оның басты негізі – жекешелендіру) «өтіп кеткендігі». Екіншіден, басым көпшілігін автохтондағы ұлт өкілдері құрайтын аграрлық сектордағы ұлттық менталитет пен басқа да әлеуметтік парадигмалар және «қазақшылдық» психология. Үшіншіден, «күмәнді жеке шаруашылықтарға жекешелендіру жүргізу» барысында сахнаға шығуы мүмкін «контрреформациялық» ой-пікірлер ағыны мен іс-әрекеттер. Төртіншіден, ауылдық орта таптың дүниеге келуіне қажетті объективтік алғышарттардың әлі де қалыптасып бітпеуі болып отыр. Оны зайырлы заң арқылы өзгертуге болады. Әйтсе де, мұндай жекелеген ой-пікірлер Жаңа Қазақстанды құру стратегиялық мәнін жоққа шығармауы керек. Басты бағыттар көңілге үміт ұялатады. Біздің ойымызша, Президент Жолдауында орын алған тұғырнамалық бағдарламаларға сәйкес, алғашқы кезекте қолға алынар шаралар төмендегідей: фермерлер мен шаруа қожалықтарының аймақтық және ұйымдық-экономикалық әдістемелік үлгілеріне кеңінен жол ашу, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыра түсу (барлық салаларда), әлемдік технологияны батыл түрде енгізу, жекешелендіру процесіне жаңа көзқарастар қалыптастыру мен оның алыс шет елдік тәжірибелерінің өзімізге жақын тұстарына ерекше маңыз беру және т.б.

Нарық экономикасындағы саяси-әлеуметтік теңсіздіктің ең басты себебі – «алтын миллиард» қатарындағылардың қоғамдық және әлеуметтік қатынастарда қалыптасып қалған өз үстемдіктерінің ешбір өзгеріссіз жалғаса беруін қалайтынында жатты. Мемлекеттегі әділетсіздік салық жүйесінен байқалып отырғанын жасырмаймыз. Өйткені, ірі капиталдарға салынатын салық мөлшерінің тым төмендігі көш басындағы байбақуаттыларға шаш-етектен пайда әкелетін табыс көзіне айналғанын айта кетсек дейміз. Қазақстан Президенті: «Жалпы, әділеттік – қоғамды өркениетке жетелейтін, оның бет-бейнесін айқындайтын басты құндылық. Ол жоғалған сәтте азаматтар арасында наразылық туындайды. Бұл құндылық алдымен мемлекеттік саясатта көрініс табуы керек деп санаймын. Нақтырақ айтсақ, заң алдында барлық азамат тең құқылы болуы тиіс. Қылмыс жасаған азаматтар лауазымына қарамай заң шеңберінде жазалануы шарт», – деді.

Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – халықтың тұрмысын жақсарту. Бірақ, жемқорлық күдігіне ілінгендер елдің, тұтас ұлттың емес, өз қалтасының қамын ойлайтындардың бары өкіндіреді. Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдай анық. Оны Президентіміз ашық айтып берді. Қазақстанның бар байлығы ат төбеліндей аз ғана адамның уысында жинақталып, ұшан-теңіз байлықтың солардың қолында қалуы қоғамды қақ бөліп, әлеуметтік теңсіздіктің отын лаулатты. Тек жеке қалтасын томпайтып, қалың бұқараның мүддесі ескерілмеуі қоғамға қауіп төндірді. Бұл – шындық. Ол бұрыннан белгілі, бірақ қанша айтылса да, оны түзету бұрынғы үкіметтің қолынан келмеді. Осы уақытқа дейін ат төбеліндей байлар елдің бар байлығын жұмырына тықты. Шетелдерге қолдағы бар байлықтарын жасырды. Сырт елдегі жасырын банктерге қыруар қаржы салды.

Байлық пен адам санасы қатар жүрмесе, әлеуметтік теңсіздіктер тізгінделмейтіні анық. Мұндай жағдайда билік пен қоғамның болмыс-бітімі де иманды арнаға түспесі анық. Кезінде Сайф Сараи деген ғұлама: «Сырт елге ақша тыққан басшылар сол елді түбі қиратуға алып барады», – деген екен. Біз соған жеттік. Президент осының бәрінің жолын жауып тастады. Түбі бұл бір бүйірден шығатын болады.

КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 6,2 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (989 МЫҢ), БРАЗИЛИЯ (662 МЫҢ) ЖӘНЕ ҮНДІСТАНДА (522 МЫҢ) ТІРКЕЛДІ



■ Қазіргі Айя София Византия тұсында христиандардың құтты мекеніне айналды. Дәл осы шіркеуде 1054 жылы христиан діні «Батыс шіркеуі» (католиктер) және «Шығыс шіркеуі» (православтар) болып екіге бөлінді. Константинополь қаласын Осман империясы жаулап алғаннан кейін түрік сұлтаны II-ші Мехмед шіркеуді мешітке айналдырды...

МЕШІТКЕ АЙНАЛҒАН БҰРЫНҒЫ ШІРКЕУ

АЙЯ СОФИЯ МЕШІТІНДЕ 92 ЖЫЛДА АЛҒАШ РЕТ ТАРАУЫҚ НАМАЗЫ ОҚЫЛДЫ

Қасиетті Рамазан айында Түркияның ең ірі қаласы – 15,8 млн халқы бар Ыстамбұлдың Айя София мешітінде 92 жылда алғаш рет тарауық намазы оқылды. Әрине, осы арада Айя Софияның тарихынан бейхабар оқырманның көкейінде «Сонда Айя София мешітінде 92 жыл бойы тарауық намазының оқылуына не кедергі болды?» деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін оқырманның осы сұрағына жауап беріп көреді.

Қали ҚАМБАРОВ

■ АЙЯ СОФИЯ МЕШІТІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Аталған сұраққа жауап беру үшін алдымен 1485 жылдық тарихы бар Айя Софияның өткеніне тоқталу керек. Өйткені, о баста аталған тарихи нысан түріктерге тиесілі болған жоқ. VI ғасырда Әулие София ғибадатханасы византиялық император Юстиниан тұсында тұрғызылды. Осы 15 ғасыр ішінде ғибадатхана басынан небір тарихи жағдайларды өткерді. Византия, Латын және Осман империяларын көрді. Византия тұсында христиандардың құтты мекеніне айналды. Дәл осы шіркеуде 1054 жылы христиан діні «Батыс шіркеуі» (католиктер) және «Шығыс шіркеуі» (православтар) болып екіге бөлінген еді.

Константинополь (қазіргі Ыстамбұл) қаласын Осман империясы жаулап алғаннан кейін 1453 жылы түрік сұлтаны II-ші Мехмед шіркеуді мешітке айналдырды. 4 мұнара тұрғызылып, «Айя София» атауына ие болды.

XVI ғасырдың екінші жартысында сұлтандар II-ші Селим мен III-ші Мұрат тұсында ғимараттың сыртқы келбетіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Содан XIX ғасырдың ортасына дейін, яғни 300 жылдай мешітте жөндеу жұмыстары жүргізілмеді. Әбден тозған тарихи нысаннан айырылып қалатын болғандықтан 1847 жылы сұлтан I-ші Абдул-Меджид күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге әмір берді. Сол кезде византиялық мозаикалардың сақталғаны анықталды (бұрын олар боялған еді). Тарихқа қиянат жасағысы келмеген түрік сұлтаны өрнектердің басым бөлігін қалдырып, христиан әулиелерінің бейнесін қайта бояуды тапсырды.

Жалпы 623 жыл өмір сүрген Осман империясы 1922 жылы ыдырап, оның орнына Түркия Республикасы құрылды. 1935 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің қолы қойылған Түркия үкіметінің декреті шықты. Декреттің күшімен Айя София мешіті мұражайға айналды. Сөйтіп, тарихи нысанның жаңа ғұмыры басталды. Мұражай Ыстамбұлдың бойтұмарына айналғанын да ешкім жоққа шығармайды. Пандемияға дейінгі 2019 жылы Айя-Софияға 3,7 млн туристер бас сұққан екен.

■ ХРИСТИАНДАР МҰРАЖАЙДЫҢ МЕШІТКЕ АЙНАЛУЫНА НЕГЕ ҚАРСЫ БОЛДЫ?

Рас, соңғы жиырма жылдықта түріктер арасында мұражайды қайтадан мешітке айналдыру әңгімесі қызу талқыланып келген болатын. Бұл бастаманы мұсылмандар қолдағанымен, христиандар тарихқа қиянат жасалатынын алға тартты. Дегенмен, 2006 жылы мұражайды қайтадан мешітке айналдырудың алғашқы қадамы жасалды. Сол жылы мұражай қызметкерлеріне намаз оқуға арнайы орын бөлінді. Батыс елдері бұған қарсылық білдірді. Мысалы, 2007 жылы американдық саясаткерлер мен кәсіпкерлер Айя Софияның бастапқы мәртебесін қайтару мақсатында Әулие Софияны босату кеңесін (Free Agia Sophia Council) құрды.

Американдық саясаткер Реймонд Бакли бұл үшін Түркия билігін қатты сынға алып, осылайша түріктер барша христиандардың бетіне түкіргендерін ашық айтты.

Халықаралық Әулие Софияны босату кеңесінің президенті Крис Спиру 2009 жылы: «Мы стремимся, чтобы собор Святой Софии Премудрости Божией снова занял подобающее ему место как храм, священный для всего христианства, как мать всех церквей, как царственный храм православия – чем он и был до захвата турками-османами в 1453 году. Всё дело в том, что Святая София никогда не была мечетью и никогда не была музеем. Всегда была христианским храмом, переделанным в мечеть султана завоевателя, а затем и в музей. Считаю обязательным возвращение этого храма к своему первоначальному предназначению», – деп сұхбат берген еді.

2016 жылы қасиетті Рамазан айында Айя София мұражайында Құран оқылып, ол түрік телеарналарынан тікелей эфир арқылы көрсетілді. Христиандар қайта шу көтерді. Грекияның сыртқы істер министрлігі наразылық нотасын жолдады.

2018 жылы Түркияның Конституциялық соты жекелеген азаматтардың мұражайды мешітке айналдыру өтініштерін қанағаттандырмады. Дегенмен, 2019 жылы Түркия президенті Режеп Ердоған TGRT телеарнасына берген сұхбатында Айя София мұражайының қайтадан мешітке айналуы мүмкін екенін, барлық дін өкілдері (туристер) оған тегін кіре алатынын мәлімдеді. Содан бұл мәселе халықтың талқысына қайта түсті. Ал, 2020 жылы Түркияның мемлекеттік кеңесі Айя София мұражайын мешітке айналдыру туралы шешім шығарды.

Батыс елдері Түркияны тарихқа құрметпен қарауға шақырғанымен, түрік билігі оған құлақ асқан жоқ. Өз кезегінде АҚШ-тың сол тұстағы Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Түркия үкіметінен Айя Софияның мұражай мәртебесін қалдыруды талап еткен еді.

Өкінішке қарай, бұл жерде тағы да саясат алдыдан шықты. Өйткені, бұған дейін Режеп Ердоған егер АҚШ Таяу Шығыстағы Голан мен Иерусалимді Израильдің бөлшегі санап, палестиналықтардың құқығын шектейтін болса, онда Айя Софияны мешітке айналдыратынын жасырмай айтып келді. Өздеріңіз білесіздер, Израиль де, мұсылмандар тұратын Палестина автономиясы да Иерусалимді өзінің ресми астанасы санайды. Ақ үй Иерусалимді Израильдің астанасы деп мойындады. Яғни, Түркия президенті өз сөзінде тұрды.

Айя София мәртебесін өзгерту арқылы түріктер ата жауы гректерге де соққы берді.

Майк Помпео сияқты кейбір саясаткерлер бұл шешімнің қате екенін айтып шектелсе, Грекияның Мәдениет министрі Лина Мендони сияқты «бұл діни және ұлтаралық араздықты қоздырады» деп қатты мәлімдеме жасаған шенеуніктер де табылды. Дегенмен, түріктердің гректерге берер жауабы дайын еді.

«Басқа-басқа гректердің бізді сынайтын жөні де, реті де жоқ. Грекия өз еліндегі мыңдаған мұсылманның тұратынына қарамастан, бірде-бір мешіттің ашылуына рұқсат бермеді. Оларға қарағанда бізде (Түркияны айтады, – ред.), толерантты елде көптеген шіркеу бар», – деп мәлімдеді Түркияның Сыртқы істер министрлігі.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Иә, Айя София мұражайын мешітке айналдыруға христиан елдері түпкілікті қарсы болғанымен, заң бойынша бұл түріктердің ішкі шаруасы, оған өзге елдердің араласуға еш құқығы жоқ еді. Сондықтан Түркия осындай батыл шешім қабылдады.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Айя София 1930–1935 жылдар аралығында қалпына келтіру жұмыстарына байланысты халыққа қызмет көрсетуге жабылып, Түркия Министрлер Кеңесінің 1935 жылғы 24 қарашадағы 7/1589 нөмірлі шешімі негізінде музейге айналады. Түркия Республикасының президенті Режеп Тайып Ердоған 2020 жылы 10 шілде күні Айя Софияның қайта мешіт болуы туралы Жарлыққа қол қойып, тура екі аптадан кейін, яғни 24 шілдеде Айя Софияда 90 жылдан кейін жұма намазы қайта оқылды.

САРАПТАМАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ!

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕКПЕНІҢ ТОЛЫҚ ДОЗАСЫН АЛҒАН ТҰРҒЫНДАР САНЫ

Соңғы дерекке сүйенсек, Түркіменстанда – 53,2%, Тәжікстанда – 51,2%, Қазақстанда – 49,1%, Өзбекстанда – 41,8%, Қырғызстанда – 19,1% халық екпенің толық дозасын алды

Дереккөз ▮ **Our World in Data**
Инфографика ▮ **Айнұр Қайратбекқызы**

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН КӨЛІКТІҢ ҮСТІНДЕ ОТЫРЫП ҚОЛТАҢБА ТАРАТТЫ

Өткен аптада, 15 сәуірде Прагадағы «Тип–спорт» аренасының жанына жұрт көп жиналды. Әлемнің 15–тен астам елінен келген Dears (әншінің фанаттары) Чех Республика–сында өзінің алғашқы жеке концертін өткізуге келген Димаш Құдайберген мен оның ко–мандасын ыстық ықыласпен қарсы алды. Бұл туралы DimashNews порталы хабарлады.

Ақпарат құралының жазуынша, әншінің чех жанкүйерлері Димаш Құдайберген мен қымбатты қонақтардың кездесуін ұйымдастырды. Ұлттық чех костюміндегі Dears қолынан дәстүрлі нан-тұзды әншінің өзі және оның ата-анасы алды. Сондай-ақ, әншіге жергілікті шеберлердің ұлттық чех стилінде қолдан жасалған әдемі сыйлықтары табыс етілді. Күтіп алушылар көп болғандықтан Димашқа көліктің шатырына шығып, қолтаңба таратуына тура келді. Әйгілі әнші жанкүйерлерімен сөйлесіп, оларға жылы қабылдағандары үшін алғысын айтты.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Ұлт мақтанышы Димаш Құдайбергеннің «ARNAU» концерттік туры аясында әншінің жеке концерті 9 сәуірде Дюссельдорфта (Германия), 16 сәуірде Прагада (Чех Республикасы) өтті.

ЖЕТПІСТІҢ ЖЕЛКЕНІН КЕРГЕН ҚОНАЕВТАНУШЫ

Үстіміздегі жыл есімдері елге елеулі біраз тұлғалардың мерейтойымен басталғаны рас. Халқы үшін еңбек етіп келе жатқан сондай азаматтардың бірі – белгілі журналист һәм қаламгер, қонаевтанушы, «Алтын қалам» сыйлығының иегері Ораз Қауғабай жетпістің белесіне шықты.

Қали ҚАМБАРОВ

Алматы облысына қарасты Кеген ауданының Шырғанақ ауылының тумасы Ораз Қауғабай бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Халықаралық «Түркістан-1500» шығармашылық байқауының жеңімпазы, Антиядролық «Невада-Семей» қозғалысы атынан АҚШ-та БҰҰ-ға петиция тапсыру үшін онда бастарын бәйгеге тігіп барған жеті еріктінің бірі екенін жалпақ жұрт біле бермейді. Сондай-ақ, жазушы қаламгерлік жолында тың еңбектерді көп жазды. Әсіресе, сонау кеңестік идеология тұсында қағазға түскен әулие Әлмерек туралы кітабы сол кезеңде үлкен сұранысқа ие болса, тәуелсіздік дәуіріндегі «Таңғажайып Қонаев» атты эссе-романы Ораз Қауғабайдың еліміздегі бірінші қонаевтанушы екендігін нақтылай түсті.

Қаламгердің өмірдерегіне әріден үңілсек, алғашқы еңбек жолы 1980-1993 жылдар аралығында «Қазақстан мұғалімі» газетінде халық педагогикасы тақырыбы бойынша жалғасқан. Оқырманға тартымды, өнеге, тәрбиелік мақалалары осы басылымда жиі жарияланды. Мектеп бөлімінің меңгерушісінің халық педагогикасы жөнінде жазған «Қарасазда қанат жайды» атты өнегетәлім кітабы 1992 жылы Алматы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қолдауымен жарыққа шығып, облыс мектептеріне таратылды. Осы еңбегі үшін ол «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Халық педагогикасы жайында тұңғыш қалам тартқан Ораз Қауғабай екені қазіргі ұстаздар қауымына белгілі.

1993-1996 жылдар аралығында «Халық конгресі» газетінде қызмет етті. Осы басылымда жүргенде ядролық сынақ жарылыстардың қасіреті жөнінде сериялы мақалалар мен жолсапар очерктерін жазды. «Невада-Семей» қозғалысының сарбазы әрі журналист ретінде көптеген әлемдік акция-шерулерге қатысты. 1994 жылы Нью-Йоркте өткен ядролық сынақ жарылыстарына қарсы акцияның делегаты ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына Семей полигонының қасіреті жөнінде халықтық қозғалыс атынан құжат жазды. «Атомға қарсы акция», «Нью-Йорктағы қазақтар» атты танымдық-тарихи эссе мақалалары басылым беттерінде жарияланды.

1997-2006 жылдары әдеби басылым «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болып қызмет еткен қаламгер Дін тақырыбына ойысты. Бұл тақырыпқа байланысты дінге шек қойылған кеңестік дәуірде оның деректер жинап, сол кезден-ақ ізденуі шығармашылық адамына тән қасиет еді.

«Жұлдызда» қызмет еткен жылдары жазушы аттары тарихтан өшкен жеті діндарды жарыққа шығарды. Олар:

Әлмерек әулие, Бөйіт софы, Файзолла ишан, Сатыбалды ишан, Бура молда, Қашаған би және Тезек молда.

2001 жылы әулие Әлмерек жайындағы «Әлмеректің бес баласы және Еділ-Жайық» атты кітабы жарыққа шықты. Сөйтіп, аты ұмытылған тарихи тұлға ғылыми айналымға енді. «Әлмерек тарихи-мәдени қоры» құрылды. Қаламгердің жиырма жылдық еңбегі нәтижесінде Әз-Тәуке хан тұсында Жетісу өлкесінде би әрі пірадар болған Әлмерек қайта оралды. Ол Түркістан қаласы жөнінде сериялы мақалалар жазды.

2006 жылы қаламгер «Ақиқат» журналына шақырылды. Аталған басылымда «Дін және тылсым дүние» тақырыбында қалам тербеді.

2008 жылы «Қазақ газеттері» ЖШС-нің «Алтын қалам» сыйлығын алды. Осы басылымда жүргенде Қонаев туралы тереңірек қаузап, беріле жазудың нәтижесінде «Таңғажайып Қонаев» атты роман-эссесі жарық көрді. Кітапты оқырмандар өте жақсы қабылдады. Оқырман жүрегін жаулаған шығарма 2011 жылы кітапқұмарлар өтініш-тілегімен қайта жарық көрді. Қазір бұл кітап бойынша жоғары оқу орындарында, мектептер мен кітапханаларда кездесулер мен жүздесулер өтуде. Кітаптағы «Қонаевтың 12 қасиеті» деген тарау бойынша ұстаздар дәріс оқып, Димекеңнің өмір-өнегесін насихаттауда. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында шыққан кітап қонаевтанушылар үшін таптырмайтын еңбекке айналды.

Бүгінде зейнеттегі қаламгер текке қарап отырмайды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Нұр-Сұлтан қаласындағы қалалық және Есіл аудандық ардагер кеңесінде дәріс оқып, сөз сөйлейді. Әрине, Қонаев тақырыбында.

Қапшағай қаласының 35 жылдық мерейтойында, 2005 жылы аталған халықтың тілегі бойынша Қонаевтың атын беру жөнінде баспасөзде алғаш мәселе көтерген де Ораз Қауғабай болатын. Бүгінде сол идея жоғары билік тарапынан қолдау тауып, жүзеге асып жатыр.

Міне, Ораз Қауғабай өзінің азаматтық ұстанымы мен ұрпақ алдындағы міндеттеріне көлеңке түсірмей, өткенімізді қайта жаңғыртуда ерен еңбек сіңірген қаламгер. Әркез игілігі мол қоғамдық істердің ортасында жүретін ағамызға мықты денсаулық тілей отырып, желкенді жетпісіңіз құтты болсын дейміз!

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **COVID-19 ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 505 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ, КӨБІ АҚШ (80,7 МЛН), ҮНДІСТАН (43,1 МЛН), БРАЗИЛИЯ (30,2 МЛН) ЖӘНЕ ФРАНЦИЯДА (27,9 МЛН) ТІРКЕЛДІ**

■ Шұбартаудың даласындағы қазақтың етті, сүтті ақ бас сиырлары

ШҰБАРТАУ ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ КҮНГЕЙІНДЕ...

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ НАЗАРЫНА!

01–беттен

Енді егемен елдің ертеңіне лайықты үлес қосатын Абай елі бәйгеге қосылар сәйгүліктей баптанып жатқан тұста оның ойы мен қырына үңіліп, мүмкіндігін бағамдау маңызды іс. Осы ретте оңтайландыру кезінде тараған аудандарды қайта қалпына келтірудің маңызы ерекше.

Семей облысы тарап, Өскемен өңіріне қосылып, Шығыс Қазақстан облысы құрылғанда оңтайландырудың өткір қайшысына ілініп, қысқартылған аудандардың бірі – Шұбартау ауданы. Ол шығысында іргелес жатқан Аягөз ауданына қосылған тұста оның ауылдары жаңа аудан орталығы Аягөз қаласына 350-400 шақырым қашықтықтан қатынауына тура келді. Бұл жағдай ауылда қалған жұртшылыққа оңай соқпады. Бір ғана жағдайды айтайық. Мәселен, бір жапырақ қандайда анықтама қағазын алу үшін алыстағы ауылдан аудан орталығына сабылған жұрт тек барып-қайтқан жол үшін 3-4 мың теңге ақша төлеуіне тура келді. Оған барған шаруасы бітпей қалған жағдайда жатын орын мен тамағына кететін шығын тағы бар. Қолындағы он шақты қой-ешкісі мен төрт-бес ірі қарасына қарап отырған қарапайым халық осындай қиындықтарға шыдай алмай ақыры ата қонысын амалсыз тастап, қалаларға көшуге мәжбүр болды. Сол көш тоқтаса, енді тоқтар...

Біз тарағанға дейінгі Шұбартау ауданының қай маңда орналасқандығын да айта кеткенді артық көрмедік. Себебі, арамызда түрлі жағдайларға байланысты Шұбартауға жолы түспеген азаматтардың болуы әбден мүмкін ғой. Сондықтан мақаламызға «Шұбартау Шыңғыстаудың күнгейінде» деп тақырып қойдық. Ондағы ойымыз Ұлы ақын Абай Құнанбаевты, ойшыл дана Шаһкәрім Құдайбердіұлын, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовты білмейтін қазақ баласы кемде-кем. Олар туған қарт Шыңғыстың өңірін де халық жақсы біледі. Демек, сол өңір арқылы Шұбартау жерін картадан жеңіл тауып алсын деген ойда болдық.

Рас, Шұбартау – Шыңғыстаудың күнгейіндегі өңірдің атауы. Бұл өңірден де небір айтулы тұлғалар шыққан. Оған ақын Абай айтқыштығын ерекше бағалап, «Керейдің қызыл желі» атаған Бегеш шешен, Абайдың ақын шәкірттерінің бірі – әнші, композитор Уәйіс Шондыбайұлы, халық ақыны Төлеу Көбдіков, көрнекті композитор Еркеғали Рахмадиев, қазақ әншілерінің атасы Бекен Жылысбаев, «бүгінгі күннің Мұхтары» делініп жүрген қарымды қаламгер Мұхтар Мағауин, айтулы ақын Несіпбек Айтұлы сынды ел таныған таланттарды тілге тиек етсек те жеткілікті.

Оңтайландыру жылдарында тарап, Аягөз ауданына қосылған бұл өңірдегі ауданның бұрынғы аты да Шұбартау. Оның жері қарт Шыңғыстың күнгейіндегі қоңыр бұйраттардан басталып, солтүстік-батыс бөлігінің бір шеті сонау бір жылдарда атом жарылысының ауыр азабын басынан өткерген аяулы мекен Абыралы өңіріне, одан батыс пен оңтүстік-батысқа қарай бүгінгі және бұрынғы Қарағанды, Жезқазған облыстарының Ақтоғай, Қарқаралы, Тоқырауын, Балқаш тәрізді өңірлерімен шектеседі. Ал, солтүстігі ұлы ақын атындағы Абай ауданымен, шығысында Ақшатау арқылы ежелгі Аягөз жерімен шендесіп, оңтүстік-шығысы мен түстігінде бұрынғы Көкше теңіз, қазіргі Балқаш аталатын айдынға тірелетін атырапты алып жатқан ұлан дала сол бұрынғы Шұбартау аталған ауданға тиесілі жер. Көлемі 3,5 миллион гектар жерді қамтитын осынау жортқан аңның тұяғы, ұшқан құстың қанаты талатын арқаның сар даласы бір кезде төрт түлік малға өріс, сол малды бағып-қағып, өз төлі есебінен өсірген жұрттың құтты қонысы болған бақ мекен, байсын жер.

Тәуелсіздік алған жылдарда өңірдің басынан бағы таяды деп кім ойлаған. Ондай ой үш ұйықтаса ешкімнің түсіне кірмеген болар. Енді ғой сол төрт түлік малға өріс, оны өсіріп күн көрген жандарға жайлы да құтты қоныс болған осы шұрайлы өлкенің шын мәнінде бағы тайып, базары тарқап тұр. Бағы тайып, базары тарқағаны сол емес пе, бір кездері қоңыраулатқан қаншама қос жылқы, жүздеген табын сиыр, мыңғырған қой-ешкі өрген өңірде қазір малдың басы мүлде азайған. Бұрынғы жылдармен салыстырар болсақ, жоқтың қасы деуге болады. Сол кезде жайлауға шыққанда жер қайыстырып жататын төрт түлік мал бүгінде жоқ. Жаз жайлауда әр белдің астында қазылған артезиан құдықтардың қасында, әрбір бұлақтың басында айдаладан менмұндалап тұратын ақшаңқан киіз үйлерді бұл өңірден қазір көрмейсің. Малды ауылдардың бары қараша үй немесе итарқа қос тігіп, бұрынғы кеңшар орталықтарының айналасынан алысқа онша ұзай қоймайды.

Бір айта кетерлігі, осылай қысы-жазы қолтығы жазылып, алысқа, кең салқар дала, соны өріске шығып, ендеп жайылмаған малдың тұқымы да азая бастай ма қалай?! Енді жылдар бойы мал жайылмаған, жан баспаған құла түздің шөбі де қау болып өспейтін көрінеді. Жыл өткен сайын сиреп, сұйылып, жердің реңі өзінен-өзі қаша бастайтыны байқалады. Көпті көрген көне көздердің айтуынша, оның себебі шөптің жел ұшырып жерге түскен тұқымын сол жерге таптап сіңіретін төрт түлік малдың тұяғы көрінеді.

Қысқасы, жердің ажары мен көркі төлімен өсетін төрт түлік мал екен. Ендеше, бұрын мыңғыртып мал өсіріп, жыл сайын тонналап ет өндіріп, еш артық шығынсыз елдің ырысы мен байлығын еселеп, тұрмысын жақсартуға лайықты үлестерін қосқан Шұбартау сияқты шалғай өңірлердегі бұрынғы аудандарды дәл қазір қайтадан ашып, қалпына келтірудің пайдасы ұшан теңіз десек еш артық айтқандық емес. Осы орайда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдаған Жолдауындағы Абай, Ұлытау, Алматы және Жетісу облыстарын ашу жөніндегі ұсынысы көптің көңілінен шыққан әрі көптен күткен тарихи шешім болды. Оған қазіргі кезеңде елдің экономикалық қуаты жетеді. Егер біз алдағы уақытта ашылатын жаңа облыстармен қатар одақ тарап, елдің күре тамыры қиылғандай күйге түскен тұста тараған аудандарды дәл қазір қайта қалпына келтірер болсақ, еліміздің таяу жылдарда таңғажайып табыстарға жетері сөзсіз.

■ АУЫЛДАРДЫҢ КӨБІ «БОЛАШАҒЫ ЖОҚ АУЫЛ» ДЕГЕН СЫЛТАУМЕН ЖАБЫЛДЫ

Жалпы оңтайландыру, ірілендіру кезінде халық біршама аласапыран күндерді бастан кешірді. Соның салдарынан сергелдеңмен жүріп, барымызды жоғалтып, байлығымыздан айырылып қалған жағдайымыз бар. Оны несіне жасырамыз?! Айталық, адамдары туып өскен жерінен амалсыз басқа жаққа қоныс аударған ауылдардың көбі артынша «болашағы жоқ ауыл» деген сылтаулармен сыпыра жабылды. Оның айқын да нақты мысалын оңтайландырылып, ірілендірілген аудандар мен ауылдардың өмірінен көруге болады. Сөйтіп, барымыздан айырылдық. Қаншама баспаналар қаңырап бос қалды, қирады, бүлінді. Мүлде жойылып кеткендері де болды. Мәселен, бір кездері 50 мың қой, мыңдап жылқы және ірі қара өскен Жорға елді мекені тап осындай жағдайды бастан кешті.

Енді сол кездерде көшкен халық қайда барды дейсіз бе?! Олардың біразы ірілендірілген аудандардың орталығына барғанымен, басым көпшілігі Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты халық қалың шоғырланған үлкен қалалар мен облыстардың орталықтарына ағылды. Осындай ішкі урбанизация кезінде оларды сол жерлерде салулы төсек, салқын үй күтіп тұрған жоқ еді. Соның салдарынан азаматтардың көбі базар жағалады, амалсыз арба сүйреді, жүкші және аула сыпырушы сияқты денсаулыққа зиян ауыр жұмыстарды атқарды. Ал, әйелдер қауымы ала қапты арқалап өңірді аралады. Енді біреулері оны-мұны, ұсақ-түйек, бәкін-шүкін заттарды сатып алып, тиын қосып қайта саудалап, мардымсыз бірдеңе табумен айналысты. Осылай тамағынан аспайтын күйкі тірлікпен күн өткергендіктен, аналар өздерінің ұлттың анасы ретіндегі ұлы міндеттерін де ұмытқандай болды. Себеп, ауылдан көшіп қалаға барған әлгі адамдардың орналасқан орны мен жататын жерлері көбіне-көп қала сыртындағы саяжайлардағы қабырғасы қағажақтай, іші аядай тар үйшіктер болды. Қайсыбіреулері қалалықтардың суық сарайларын паналады. Қысқасы, олар түні бойы бойлары бір жылынбай дірдектеп шығады да таң бозынан тұрып күнделікті күн көрістің күйбең тірлігімен қайта айналысады. Күтінетін жағдайы, ауруға қарсы тұра алатын иммунитеті жоқ ондай қандастарымыздың көбі күні бүгінге дейін сол баяғы үйсіз-күйсіз қалпы азып-тозып өмір сүріп жатқандығы ащы да болса шындық.

Аудандар ашылса, осындай ауыр тұрмыстың тауқыметін тартып жүрген ағайынның барлығы дерлік өздерінің ауылдарына, ежелгі ата мекендеріне қайтатыны айдан анық. Ондай жағдайда олар ауылдарына оралып, өкіметке көп салмақ салмай-ақ, өздерінің жағдайларын өздері жасап алатындығы белгілі. Себебі, көбінің ауылдық жердегі бұрынғы баспаналары сақтаулы тұр. Тек күн көріс көзі, жұмыс орны ашылса, тіршілік қайта қайнап сала берері сөзсіз.

Сонымен қатар, қаладағы қандастарымыз ауылға қайтса, құрылыс алаңдарында жұмыс қызады. Ауылдағы ағайындар жақсы тұру үшін үйлерін әрлеп, жөндейді. Тұрмысын түзеп, қаладағыдай тірлікке талпыныс жасайды. Бірдің ісі жүзге, мыңға үлгі болады. Жолдарды жөндеп, үйлерді өңдеп, егін салып, малды көптеп өсіреді. Қоныстарын сайлап, қораларын жөндеп таңның атысы мен күннің батысында тынымсыз еңбек етеді. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде ауылдың ажары артып, келбеті өзгереді. Қыз ұзатып, келін түсіріп, тоқым қағып, сүндет тойларды жасап, адам өміріндегі толып жатқан қызық-қуаныштарды өткеріп, олардың көңіл-күйлері көтеріледі, еңкейген еңселері тіктеледі. Бір басы екеу, бір малы бесеу болып болашаққа деген сенімдері артады. Әр өңірде, әр ауылда Жаңа Қазақстан құрылып, Мәңгілік Ел келбетті келешекке қарай нық қадам жасайды.

Осы тұста тілімізге тиек етіп отырған Шұбартау ауданының аты бір кездері бүкілодақ көлеміне белгілі болып, даңқы алысқа кеткен тұстарда қол жеткен табыстары мен көрсеткіштеріне назар аударайық. Айталық, 1970-1990 жылдардың аралығында Шұбартаудағы қой саны – 350-400 мың, ірі қара – 14-15 мың, жылқы – 15-20 мың аралығында болғандығын білеміз. Аудан сол жылдарда әр жылы мемлекетке жеке секторды қоспағанда 7-8 мың тонна қой етін, 5-6 мың тонна сиыр етін, 2-2,5 мың тонна жылқы етін тапсырып отырған. Бұл дегеніңіз, таратылған аудандар қайта құрылған жағдайда, егемен еліміздің арзан да сапалы ет өнімдерінің экспортын анағұрлым арттыруына үлкен үлес қосатынын көрсетеді. Сондықтан біздің ел мұндай мүмкіндіктерді мүлтіксіз пайдалануы керек.

Сондай-ақ, осы тұста кеңес өкіметінің отызыншы жылдарында Шұбартау өңірінде мал санының қанша болғандығын да жұрт назарына ұсына кеткенді жөн көрдік. Бұл ретте нақты статистикалық деректерге сүйене отырып, ел мен жер жайында деректі кітап жазған Нәстілек Сәменбетов ағамыздың жазбасына үңілген едік. «Ауылдың академигі» дейтіндей көпті көрген, көп нәрсені көңілге түйген, бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып, «Аягөз ауданының Құрметті азаматы» атанып отырған шежіре ағамыздың айтуынша, байларды жаппай конфискелеуден бұрынғы 1930 жылғы есеп бойынша, Шұбартау өңірінде 336 мың қой-ешкі, 49 мың бас жылқы, 17 мың сиыр, 16 мың түйе болыпты.

Бұл деректерді тек Нәстілек ағамыз ғана емес, 90 жастан асып дүние салған, есеп-статистика саласында жұмыс істеп, осы саланы ұзақ жылдар басқарған саликалы қария Сейсебай Бауов аға да жазған. Сейсекең өзінің көрген-білгені, басынан кешкені жайлы жазған тамаша ғұмырнамалық кітабында ол туралы архивтен алынған нақты деректерді оқырман назарына ұсынған.

Бір ғажабы, Шұбартау өңірі бүгінде көзден бұлбұл ұшқан ойсылқараның өсіп-өнген отаны болды дегенге кім сенеді?! Бұрыннан қалған жұқана болса керек, алпысыншы жылдардың аяғы, жетпісінші жылдардың басына дейін көне көз қарттардың айтуынша, бұл өңірде 350-400 басқа дейін түйе болыпты. Алайда, кеңес өкіметі түйе түлігінің пайдасына дұрыс баға бермеу себебінен оның тұқымы түбірімен жойылып кеткен. Әйтпесе, Шұбартаудың еңбеккер халқы аз шығынмен мол өнім өндіруге мүмкіндік беретін осы аса тиімді түлікті күні бүгінге дейін өсірер еді. Амал не, қазір ойсылқараның отаны болған өңірде емге деп іздесең бір түйе таппайтын жағдайға жеттік.

Жалпы, түйе малын өсіруге бұл өңір өте қолайлы екендігін астын сызып тұрып айтқымыз келеді. Бір сөзбен айтқанда, Шұбартау ауданы қайта құрылған жағдайда, осы өте тиімді түлік түйе шаруашылығын өсіруге де тамаша мүмкіндік туар еді. Оған жері жартылай шөл және шөлейтті болып келетін өңірде қолайлы жағдай бар. Өйткені, түйе малы сүйсініп жейтін ащылы-тұщылы көкпек пен изен, баялыш пен жантақ өсетін далалар көңілге осындай ойларды оралтады.

■ ЕГІСТІК АЛҚАПТАР ҚАҢБАҚ БАСҚАН, ҚҰЙЫН ОЙНАҒАН ҚҰЛА ДҮЗ, ҚУ МЕДИЕНГЕ АЙНАЛДЫ

Әрине, малды көптеп өсіру үшін судың мол қоры керек. Жері шөл және шөлейтті аймаққа жатады дегенмен, Шұбартау өңірі соншалықты сусыз да жер емес. Айталық, Шұбартаудың жерінің Абыралы, Аягөз өңірлерімен шектесетін шығысы мен батысындағы екі кіндік қазығы іспетті Қамбардың Көкшетауындағы Тұлпар мен Ақшатаумен шендесетін Сұлу шоқы аралығында, олармен ортадағы қарт Шыңғыстың күнгейіндегі жерлерде жағасы жасыл құрақ, бұлқына аққан бұлақтар жетерлік.

Бұл өңірде жаз жайлауда мыңғырған төрт түлік малдың мейірін қандыратын сол тас бастаулардан басқа көктемде бұлқына, жұлқына ағатын ондаған өзендер, қар суымен молайып жаз бойы жағасы көк шалғын болып жататын шағын көлдер мен көлшіктер де аз емес. Оған дәлел ретінде Шұбартау жеріндегі Еспе, Сары, Дағанды, Малкелді, Бабаң, Құр, Қорық, Байқошқар, Балқыбек, Бақанас, Игілік, Арсалаң, Көксала, Бүрген, Айғыз, Құрайлы өзендері мен Сандықтастағы Иттің көлі тәрізді ондаған шағын көлдер мен көлшіктерді айтуға болады.

Шұбартау бұрын аудан болып тұрған кезде көктемде сай-саладан аққан қар суымен арналары асып-толып, жөңкіле ағатын жоғарыдағы өзендердің суларын қолайына қарай бұрып, алдын-ала жасалған бөгеттер арқылы өзен жағалауларындағы жазықтарға шығарып, оны барынша тиімді пайдалануға тырысатын. Сол су жайылған жерлерден қысқа қажетті мал азығының мол қорын дайындайтын. Мәселен, Бақанас өзенінің өн бойында осындай ондаған бөгеттер мен тоспалардың барлығы бізге мәлім. Ондай істі тіпті қуатты техникалық құралдар жоқ кездің өзінде қарапайым қайла, күрекпен жүзеге асырған еңбеккер жұрттың ерлік ісіне қайран қаласың.

Ертеректе Баршатасқа таяу тұстан канал қазып, суды жетелеп қырға шығарған. Сол сумен осы маңдағы 437 гектер жерге егін еккен. Ол жайында жоғарыда аттары аталған ағаларымыз жазған кітаптарда жақсы айтылады. Сол егін салған жерлердегі атыздар мен арықтардың сұлбасы күні бүгінге дейін тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Енді өзеннің Қос ағаш ауылының маңындағы «Ақтоған» каналы арқылы алынатын сумен күні бүгінге дейін осы өңірдегі тұрғындар қажетті мал азығын дайындауда.

Жалғыз Бақанас емес, Көксала, Бүрген, Айғыз, Құрайлы сияқты өзендердің бойындағы топырағы құнарлы жерлерден де сонау бір жылдардағы егістікпен айналысқан ерлік істердің ізін көруге болады.

Шұбартау туралы айтқанда, ондағы еңбегімен ел құрметіне бөленген еңбек майталмандары туралы айтпай кеткеніміз жөн болмас. Сонау бір жылдары «Қой шаруашылығы – жастардың төл ісі» деген бастама көтерген ауданның еңбеккер жұртшылығының игі ісі кезінде лайықты бағасын да алды. Айталық, ертеректе бір ғана қарапайым еңбек адамы Рыздықбай Тілеуберлин ақсақал Социалистік Еңбек Ері атағын алған болса, шұбартаулықтар бастама көтерген жылдарда ондай еңбек майталмандарының қатары көбейе түсті. Соның бірі алғашқылардың бірі болып «Тұлпар» атты қой өсіруші комсомол-жастар бригадасын ұйымдастырып, оған ұзақ жылдар ұстаздық еткен Жанарбек Шүленбаевтың Социалитік Еңбек Ері атағына ие болып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атануы. Сондай-ақ, «Алтын жұлдыз» қой өсіруші комсомол-жастар бригадасына жетекшілік еткен Тілеуқабыл Өмірбековтей еңбек адамы да Социалистік Еңбек Ері атанды.

Олар және олардың замандастары ен даладағы бір сарынды малшы өміріне үлкен өзгеріс, тың жаңалықтар әкелді. Мал баққан қауымның заманауи үлгідегі мәдениетті өмірін қалыптастырды. Мал бағудағы ұжымдық еңбектің артықшылығын көрсетті. Көп көтерген жүктің жеңіл екендігін, күш топтастырылған жерде көрсеткіштердің арта түсетіндігін дәлелдеді. Осындай еңбектері үшін еңбеккерлердің тағы бір тобы лайықты марапаттарға ие болды. Үш адам Ленин орденімен, бес адам I және II дәрежелі «Еңбек Даңқы», жүздеген адам Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» сияқты тағы басқа да ордендер мен «Еңбектегі ерліктері үшін» берілетін түрлі медальдардың иегері атанды.

Осы тұста небәрі 18 бен 20 жастың ар жақ, бер жағындағы уыздай жастардың атақтары жер жарып, ел құрметіне бөленуін ерекше айтуға болады. Мысалы, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жанарбек Шүленбаев сынды еңбек майталманының шәкірті Тілек Ықсанов небәрі 20 жасында сол кездердегі ең жоғары марапаттың бірі «Ленин» комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Жәкеңнің тағы бір шәкірті Рағына Әбілахатова «Құрмет белгісі» орденін омырауына тақты. Тағы бір қой өсіруші косомол-жастар бригадасының мүшесі Зинат Сармурзина Берлинде өткен жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатынасып, лауреат атанды. Қой баға жүріп ой бақ-қан олар еңбек ете жүріп жоғары білім де алды.

Енді жастардың еңбекке деген құлшынысын, патриоттық сезімдерін оятып, Отан сүйгіштікке баулыған Шұбартау аудандық комсомол ұйымы сол жылдарда Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталған-ды. Осы комсомол ұйымының бірінші басшысы болған Тілек Шәкәрімұлы Ахынов Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Мұндай атаққа бастама көтерген ауданды ұзақ жылдар басқарған Шаймағамбет Оразбекұлы Мақашев ағамыз да ие болған еді.

Мал шаруашылығының көптеген үздіктері түрлі съездердің делегаты, Одақтық, республикалық, облыстық кеңестердің депутаттары болды. Одақтық және республикалық көрмелердің алтын, күміс медальдарының иегері атанды. Ондай құрметке бөленген еңбек адамдары мен білікті басшылар жүздеп саналады. Солардың бірі – кезінде 55 мыңнан аса қой, мыңнан аса жылқы және ірі қара малын өсірген үлкен шаруашылықтың басшысы болған Біліс Кәрімбекұлы Оспанов. Ол асыл тұқымды Еділбай қойын өсірудегі көп жылдық тәжірибесінің негізінде өндірістен қол үзбей жүріп-ақ ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты атанды. Еңбек Қызыл ту және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері болды. Аупарткомның екінші хатшысы, ауаткомның төрағасы, Жаңа Семей ауданының әкімі болып, ел ісін ілгері бастыруға үлес қосты.

Өткен жылдардың тарихына зер салсақ, Шұбартау ауданының еңбеккер жұртшылығы сол бір жылдарда қыстамаға кіретін қыруар малға қажетті жемшөптің жеткілікті қорын өздері туып-өскен, құт-береке дарыған құнарлы даладан өндіріп келгендігін көреміз. Сондай-ақ, жылма-жыл 30-35 мың гектар жерге түрлі дәнді-дақыл егіп, оның әр гектарынан орта есеппен жыл сайын 10-15 центнер астық жинады. Қазір сол егістік алқаптар қаңбақ басқан, құйын ойнаған құла дүз, қу медиенге айналып, елсіз қаңырап бос жатыр. Ал, ірілендірілген Аягөз ауданында қазір жыл сайын 8-10 мың гектер жерге астық егіледі. Міне, біздің аудандарды біріне-бірін қосудан тапқан пайдамыз. Мұндай бадырайып тұрған келеңсіз кемшіліктерді кез келген саладан табуға болады.

■ ӨҢІРГЕ ДЕ, ӨМІРГЕ ДЕ ӨҢ КІРЕР ЕДІ...

Қазақстандағы барлық аудандар сияқты Шұбартау ауданы да 1928 жылы құрылған. Содан бері өз тарихында екі рет тараған. Алғашқысы – 1963-1965 жылдардың аралығы. Екінші рет 1997 жылдың мамыр айында таратылды. Екеуінде де ауданның темір жолдан шалғайлығы, облыс орталығынан алыс орналасқаны басты себеп болған. Біздер өтпелі кезеңде орын алған екінші таралымды дұрыс дейік. Өйткені, ол тәуелсіздігіміздің тағдыры таразыға түскендей қыл үстіндегі кез еді. Әсіресе, еліміздің солтүстік облыстарында тұрғылықты халықтың саны тым аз болатын. Қазір жағдай мүлде басқаша. Елдің экономикасы нығайды, әлеуеті артты. Қаладағы қандастарымыздың саны көбейіп, сапасы жақсара түсті. Бүгінде осындай дәулеті тасып, сәулеті артқан еліміздің болашағымен алыс-жақын шет елдердің қай-қайсысы да санасады. Осы орайда барымызды бағамдап, байлығымызды арттыратын, қол жеткен жетістігімізді үстемелей түсетін игілікті істерге батыл қадам басқанымыз дұрыс болмақ. Сонда ғана Президент айтып жүрген Жаңа Қазақстанды құра аламыз.

Аудан қайта құрылған жағдайда бұрынғы құрылыстардың негізгілерінің сақталуы да бұл мақсатты іске мүмкіндік береді. Бұл ретте елді мекендердегі мал өсіру үшін іргесі бетонмен бекемделген тас қоралар мен мал бордақылау алаңдарының мұрттары бұзылмаған қалпында тұрғандығын айтуымыз керек. Оларды көп шығынсыз-ақ жеңіл жөндеп, қатарға қосуға болады. Ал, аудан орталығындағы бұрынғы әкімдік үйі, мектеп, балабақша, аурухана, ішкі істер бөлімі секілді мекемелердің ғимараттары сақталған. Бұл дегеніңіз, ауданды ашуға көп қаржы кетпейтіндігін көрсетеді. Сондықтан да, ел ертеңін ойлаған азаматтар батыл қадамға баруға тиіс. Сонда ғана елдегі жұмыссыздықтан, ол тудыратын наразылықтан құтылуға болады.

Енді нарықтық кезеңде кез келген аудан өзін-өзі ақтауы үшін тек қана ауыл шаруашылығын алға бастыру мен мал өнімдерін өндіруге ғана қарап қалмауы тиіс. Бұл ретте Шұбартау ауданының экономикасын көтеруге мүмкіндік беретін табиғи жер асты байлығының өңірде мол қоры бар екенін айтқан жөн. Мәселен, мұнда әлемде сирек кездесетін «Гавра» аталатын қара тастың мол қоры бар. Сонымен қатар, қызыл, көк, ақ түсті мраморлар, алтын мен күміс, жез бен мыс, көмір мен темір, тіпті уран және басқа да Менделеев кестесіндегі байлықтың түрлері жеткілікті. Ақбастау, Құсмұрын, Жорға, Тасқора, Майлышат, Мұзбел, Шырық, Емелтау, Бәйтен, Қызылтас деп аталатын жерлердегі осы қазба байлықтарды бүгінде жекеменшік шағын өндіріс орындары өз беттерінше жұлмалап, пайдасын көруде. Олардың мемлекетке заңды түрде қаншалықты салық төлейтін-төлемейтіндігі де белгісіз. Шұбартау ауданы ашылған жағдайда, олар бір жүйеге келер еді де тұрақты түрде салығын төлеп, аудан бюджетіне қыруар қаржы түсер еді.

Шұбартаудың аудан болып құрылуына мүмкіндік беретін тағы бір қолайлы жағдай – бұл өңірде бұрын кеңшар орталықтары болған тоғыз елді мекеннің барлығы дерліктей бір кездегі стратегиялық жағдайға байланысты салынған үлкен тас жолдың бойында жатқандығы.

Иә, «аспан асты елі» деп аталып жүрген алпауыт ел Қытай Халық Республикасы мен Нұр-Сұлтанды Қарағанды қаласы арқылы жалғастыратын Бақты мен Майқашағайдан шығатын ең төте жол осы өңірді басып өтеді. Ертісті орамай, Алатауды айналмай жүретін тура жол осы. Бірақ, оны жөндеу неге екені белгісіз әлі күнге қолға алынбай келеді. Аудан ашылса, жол да жөнделер, өңірге де, өмірге де өң кірер деген ойдамыз.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Міне, біз осылай өзіміз жақсы білетін Шұбартау өңірінің бүгінгі және бұрынғы жағдайын жалпы оқырман қауымның, ел басқаруға атсалысып жүрген азаматтардың назарына ұсынғанды жөн көрдік. Ондағы ойымыз, ел мен жердің келешегі үшін керекті күн тәртібіндегі келелі мәселеге үн қосу. Әрине, бұл жөнінде соңғы сөз, соңғы байлам елдің ертеңін ойлап жүрген азаматтардың еншісінде. Сол жақсылардан жақсы қолдау күтеміз.

АЯГӨЗ АУДАНЫ,
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

* Ақаш КӨКСЕГЕН – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі

2021 ЖЫЛЫ НЕКЕГЕ ТҰРҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САНЫ 2020 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 8,9%-ҒА АРТТЫ, ЯҒНИ ӨТКЕН ЖЫЛЫ РЕСМИ ТҮРДЕ 140,3 МЫҢ НЕКЕ ТІРКЕЛДІ

ҚАЗЫНА-ҒҰМЫР

Ертеде өткен бір ғұламадан «Пенденің бұл жалғанға келгендегі мақсаты не?» деп сұраған екен. Сонда көпті көрген данагөй: «Бұл өмірге келген әрбір адам баласының үш түрлі міндеті болады. Оның біріншісі – ұрпақ өрбітіп, әулет санын көбейту, екіншісі – ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеу, үшіншісі – ілім-білім жинап, халқына қызмет ету» деп ғибратты сөз қалдырып кетсе керек.

Әрине, ұстаз болу – кез келген адамның пешенесіне жазыла бермейтін бақыт, игілігі мол іс. Дегенмен, өмірден түйгенін өзгеге үйретіп кетсе ұстаздықтың басты философиясы – осы. Бұл тұрғыдан алғанда біз сөз еткелі отырған ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қазна Аймағамбетқызы өзінің азаматтық парызын абыроймен орындаған жан деп ой түюге болады. Ол ұрпақ өсірді, ол ғибратты ғұмырында жас буынды тәрбиеледі, ол отандық педагогика саласында өзіндік дара қолтаңбасын қалыптастырды.

Өмірі – өнеге, ісі – ізгі Қазна Аймағамбетқызының жүріп өткен жолы кез келген жан үшін үлгі-өнеге деп білеміз. Осы орайда еске түседі. Қазақта «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес. Өзгенің уақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау» деген ұлағатқа айналған ұғым бар. Расында да, педагог – адам тәрбиешісі, кез келген жанның тағдыр талайына жазыла бермейтін ерекше мамандық. Ұстаз жолы – ғибратты жол. Ұстаздықтың ұлы жолында қажырлы қызмет қылған адам ғана биік белесті бағындыра алады. Бұл тұрғыда еңбегі – ерен, қызметі – қыруар Қазна Аймағамбетқызының өскелең ұрпақты өресі жоғары азамат қылып тәрбиелеп, ізденіс пен талапқа негізделген мәртебелі мамандықтың абыройын арттыруға қосқан үлесі, қазақ ғылымының дамуына сіңірген еңбегі ауқымды.

Ұлағатты ұстаз 1957 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін үздік бағамен тәмамдайды. Ұлтымыздың небір жайсаң азаматтары мен біртуар перзенттері білім алған қарашаңырақты бітіргеннен бері үздіксіз ұстаздық қызметпен айналысып келеді. Әсіресе, ұстазымыздың Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институты қабырғасында еңбек еткен жылдарында көптеген ілкімді істер бастау алды. 1961 жылы кіші ғылыми қызметкерліктен бастаған ол әр жылдары аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі сынды қызмет сатыларынан өтіп, басқарушылық қарым-қабілетімен танылды. Бұның барлығы да тынымсыз еңбек пен қажырлы жұмыстың арқасында жеткен жетістіктер еді.

Жас маман институттың қым-қуыт жұмыстарымен қатар, ғылыми ізденістерін де жүйелі жүргізе білді. Соның нақты айғағы ретінде 1968 жылы белгілі ғалым Б. Мұхановпен бірлесіп «Табиғаттану» оқулығының жазылуы еді. Бұл – елімізде осы сала бойынша тұңғыш рет жарық көрген оқулық болатын.

Білім мен ғылымға біржола ден қойған Қазна Аймағамбетқызы 1970 жылы Ташкент қаласында кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Ғалымның тырнақалды бұл еңбегі қазақстандық педагогика саласына қосылған қомақты үлес болғандығы саладағы білікті мамандар арасында мойындалды. Кеңінен қолдау тапты.

Аймағамбетқызы 1970-1980 жылдар аралығында Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім бөлімін басқара отырып, Қазақстандағы білім беруге байланысты қайта құру мәселелері мен жүйелі реформалауға белсене атсалысты. Атап айтқанда, ол баланы алты жастан бастап мектепте оқыту, төрт жылдық бастауыш мектепте оқытуға көшу, шағын кешенді мектептердегі педагогикалық үрдіс мәселелері сынды өзекті бастамаларды көтерді. Ұсыныс білдіріп қана қоймай, аталған жаңашылдықтарды нақты іс жүзінде жүзеге асуына ықпал етті. Осы кезеңде Қазна Аймағамбетқызы республиканың барлық аймағындағы мектептердің оқу-тәрбие мәселесін жете зерделеп, педагогикалық қауымдастықпен қоян-қолтық жұмыс істей білді. Білім беру саласының майталман маманы ретінде мұғалімдердің мәселесін жан-дүниесімен сезіне білді. Қазақ мектебінің жай-күйі, педагогика саласындағы өзгерістер мен жаңашылдықтарды қамтыған көкейтесті мақалалары баспасөз беттерінде тұрақты түрде жарық көрді. Сондай-ақ, осы аралықта ғалым-педагогтің авторлығымен көптеген әдістемелік құралдар мен бастауыш сыныпқа арналған оқулықтар шықты.

Қазна Аймағамбетқызының еңбек жолы 1980 жылдан бастап қазақ қыздарының шамшырағына айналған парасат мектебі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында жалғасын тапты. Білікті маман 1984 жылдан бастап ордалы оқу орнының Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім факультетінің деканы қызметін атқарды. Декандық қызметінде игілікті істерге ұйытқы болғандығын шәкірттері, педагогикалық жоғары оқу орнының ардагер-ұстаздары әлі күнге дейін айтып келеді. Атап айтқанда, Қазна апайдың бастамасымен өзі басқаратын факультеттегі жұмыс барысы жаңаша құрылып, студенттердің «өзін-өзі басқару» жүйесі енгізілді. Бұл бастама кейіннен бүкіл институт көлемінде таратылды. Ол басқарған жылдары факультеттің ғылыми әлеуеті артты, оқытушылардың жарық көрген ғылыми еңбектерінің саны едәуір көбейді. Алты жылдың ішінде факультет оқытушыларының ғылыми дәрежесінің көтерілуі 90 пайызға жетті. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш еді.

Қазна Аймағамбетқызы оқу орнында басшылық қызметтерді атқара жүріп, өзінің ғылымдағы ізденістерінен бір сәтке де қол үзген жоқ. Ол 1996 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған жаңа буын мектеп оқулықтарының негізгі авторларының бірі болып табылады. 2002 жылдан бастап орта білім жүйесінің 12 жылдыққа көшуіне байланысты бастауыш сыныптарда жүргізіліп жатқан реформаны іске асыруда ерекше белсенділік таныттты. Ұстаздың авторлығымен көптеген оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары мен монографиялар жарық көрді. Іргелі ғылыми еңбектерінің ішінде шоқтығы биіктерінің қатарында 1-4 сыныптарға арналған «Қоршаған дүние» оқулығы, «Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негіздері» атты монографиясы, «Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы» оқулығы, «Дүниетану негіздері», «Дүниетану теориясы мен технологиясы» атты оқу құралдары бар. Қазна Аймағамбетқызының бұл оқулықтары арқылы талай өскелең ұрпақ тәрбиеленді. Ғалымның бұл еңбектері арқылы талай буынның бойында ұлтжандылық, патриоттық, қоршаған ортаға жанашырлық сезімдері қалыптасты. Ұстаздың бұл ізденістері шын мәнісінде Тәуелсіз елдің жаңаша ойлайтын ұландарының пайда болуына ықпал етті. Осы ретте астын сызып өтетін жайт, Қазна Аймағамбетқызының авторлық бірлестігімен шыққан «Айналамен таныстыру», «Табиғаттану», «Дүниетану» оқулықтары 55 жыл бойы еліміздің қазақ, орыс, ұйғыр мектептерінің бастауыш сыныптарында үздіксіз қолданыста болды.

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», – деп адамзаттың ақылманына айналған Абай айтқандай, ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Тек ұстаздың арқасында ғана тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалімнің тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет. Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Алаштың ұлы ақыны, халқымыздың ұлы перзенті Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті», – деген дана сөз айтқан. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Бұл тұрғыда Қазна Аймағамбетқызы өзінің кәсіби міндетін адалдықпен орындай білді десек артық айтқанымыз емес.

Біздің кейіпкеріміз 2001-2010 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ұстаз-ғалым ғасырлар тоғысында қазыналы қарашаңырақ қабырғасында білім мен ғылымды өркендетуге елеулі еңбек сіңірді. Бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, өзіндік дара мектебін қалыптастырды. Ұлағатымен, адамгершілік қасиеттерімен шәкірттері мен әріптестерінің шынайы құрметіне бөленді.

Қазна Аймағамбетқызының жетекшілігімен үш ғылым докторы, отызға жуық ғылым кандидаты даярланды. Бүгінде олар отандық жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелері мен түрлі білім беру ұйымдарында еңбек етіп жүр.

«Біз бүгінгі күннің, жаңа заманның талаптары мен үрдістеріне әрдайым сай әрі дайын болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу, үнемі өзіңді жетілдіру басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан, білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін педагогтер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Сіздердің болашақтағы шәкірттеріңіз – еліміздің жарқын болашағы, ұлттың келешегі», – дейді ғалым-ұстаз Қыздар университетінде білім алатын болашақ мұғалімдермен кездескен сайын.

Университет түлектері қанша уақыт өтсе де, Қазна Аймағамбетқызының ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, білікті басшы ретінде өмірлік берген бағыттарын әсте жадынан шығарған емес. Бұл – ұстаз еңбегінің ақталғаны деп пайымдаймыз.

Осындай тұлғаларды өскелең ұрпақ арасында кеңінен дәріптеу, өнегелі өмір жолдары мен ғибратқа толы ғұмырларын жастарға үлгі ету – жас буынның білімге, ғылымға, кәсіби маман болуға деген ынта-ықыласын оятуға тың серпін болады деп ойлаймыз.

Әйел – отбасының ұйытқысы, шаңырақтың шырақшысы. «Әйел – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген философиялық тәмсіл осыны меңзесе керек. Қазна Аймағамбетқызы әйел ретінде, ана ретінде, отбасының алтын діңгегі ретінде шаңырағындағы бақыттың қайнар бастауы бола білді. Оның төзімділігі, азаматқа тән қайсарлығы баршамызға өнеге һәм үлгі.

Қазна Аймағамбетқызының білім беру мен ғылым салаларындағы ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Ұлағатты ұстазымыз марапат пен атақтардан кенде емес. Ол «Қазақ ССР Оқу ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, «Құрмет» орденімен, «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Ұлағат» алтын медалімен марапатталды. Сонымен қатар, ғалым-ұстаз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасының», «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері» атағының және «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері. Бұдан өзге де түрлі деңгейдегі наградалары жетіп артылады.

85 жасқа толып отырған Қазна Аймағамбетқызы – отандық педагогика ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, еліміздің жоғары білім беру саласының дамуында өз қолтаңбасын қалыптастырған қайраткер.

Келешегі кемел, болашағы баянды ел құруда қабілеті мен қарымы, біліктілігі мен тәжірибесі мол Қазна Аймағамбетқызы сияқты мемлекетшіл азаматтардың болуы зор мақтаныш, үлкен абырой.

Мектеп мұғалімдігінен басталған еңбек жолыңыз бен бүгінгі жеткен биік белесіңіз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңізге үлгі-өнеге. Сізден тәлім мен тәрбие алған қаншама маман жас буынды ұстамдылыққа, ұлтжандылыққа үйретті. Білімді ұрпақ пен мықты мемлекеттің кепілі болатын өскелең жасқа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі Сіздің қызметіңіздің маңызы һәм өміршеңдігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігі белгілі. Сіздің ұлтымыздың оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегіңіз бен кейінге қалдырған рухани мұраңыз әлі де талай жандар үшін шамшырақ болатынына кәміл сенімдіміз.

Ұстазымызға мерейлі жасына тағы да ұзақ ғұмыр тілей отырып, жеткен жетістіктерінің барлығы – еткен еңбегінің жанғаны деп білеміз.

Ұлт болашағы үшін жасаған, әлі де жасап келе жатқан қызметіне толағай табыс, деніне саулық, отбасына баянды бақ-береке тілейміз!

Сайра ЖИЕНБАЕВА,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, шәкірті;
Тұрсынай БАЙНАЗАРОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., шәкірті;
Роза НАБУОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., шәкірті

МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Вьетнам еліндегі Гидроциркуляциялық электр станциясының (ГЭС) «Фалай» нысанында екі жылдық келісімшарт бойынша КСРО–ның Бас сарапшысы Виктор Грачевтің құрылыс жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Бұл 1983 жыл болатын. Арада біраз уақыттан соң Грачевтің ұсынысымен, Ханойдағы Елшіліктің қолдауымен 1985 жылдың тамызында Мәскеу тарапы мені бірінші орынбасар қызметіне тағайындады. Тағайындаудан кейін Виктор Андреевич дем алуға елге кетті.

Сондай күндердің бірінде Елшілік басшыларының бірі маған телефон шалып, эксплуатацияның, станция жабдықтарын жөндеудің, құрылыс-монтаж жұмыстарының жағдайын сұрады. Сосын Лао Кай провинциясында салынып жатқан фосфор зауытына екі аптаға төрт электр қызметшісін көмекке жіберуді сұраған болатын. «Сұраған болды» деуімнің себебі, Елшіліктің «сұрағаны» Одақтық Министрліктің тапсырмасынан кем түспейтін. Әрі десеңіз, ондағылар шаруашылықтың барлық салаларын біле бермейді және ол мүмкін де емес еді. Оларға өзіміздің келесі энергетикалық блокты іске қосуға дайындалып жатқанымызды, бақылау-өлшеу аспаптар мен автоматтандыру қызметкерлерінің нысанда көп болмайтынын тілге тиек етіп: «Үмітіңізді ақтай алмағаныма өкінемін, әйтсе де үш адамды бір аптаға жіберуді мойныма алайын. Егер олардың жұмысқа барып-қайтуын, тамақтарын дұрыс ұйымдастырса, біздің мамандар уақытпен санаспай істей береді», – деп, ақырындап түсіндіруге тура келді.

Дәл осы сөйлескен күні түстен кейін хатшы ішкі байланыс жүйесімен хабарласып:

– Сізге кіруге Лао Кайдан келген Кафтанов Николай Трофимович сұранып отыр, – деді.

– Кірсін, – дедім.

Кабинетке орта бойлы, елу бестер шамасындағы азамат кірді. Амандастық. Тіркеме орындыққа жайғасқан соң біртүрлі күлімдей қарады.

– Судя по имени-отчеству Вы случайно не казах?!

– Почему случайно?! Казах настоящий и не случайный, – деп күлдім.

Кенеттен келген қонағымның көптен іздеп жүрген інісіне кездескендей жадырап шыға келгені мені еріксіз таңдандырды. Қазақша сайрай жөнелді, ішім жылып барады. Қазақтың сөзін естімегелі және қазақша сөйлеп тұрған орысты көрмегелі қай заман?! Қонағым ә дегеннен-ақ әңгімесін бастап кетті.

– Вьетнамға келгенге дейін Алматыдағы «Казглавфосфор» бастығының құрылыс бойынша орынбасары болдым. Бүгінде Лао Кайда сол мамандығым бойынша қызметтемін. Өзіңіз қай жерден?

– Туған жерім Павлодар облысы, – дей бергенімде, Николай Трофимович таңдана қарап:

– Қай аудан? – деді.

– Ермак (қазіргі Ақсу) ауданы, «Жолқұдық» совхозы.

Қонағым ұшып түрегеліп:

– Ойбай-ау, мен көрші «Қызылжар» совхозынанмын ғой! – дегені.

Екеуіміз бір-бірімізге тұра ұмтылып, қапсыра құшақтасып, көзімізден жас шығып кеткенін де аңғармай қалыппыз.

– Аға, былай келісейік, бүгін біздің үйдің қонағы болыңыз. Жұбайымды, баламды көріп, келініңіздің қолынан дәм татыңыз.

– Бәрі орынды. Ниетіңе рахмет, айналайын! Бірақ, мына беретін жұмысшыларың құрылысқа өте қажет болып тұр. Лао Кайға дейін он сағаттай жол. Бүгін қайтсем де жеткізуім керек. Ханойда бітпей қалған жұмыстарыма ертең қайтып келмекпін.

– Аға! Қазақта «Жақсылық қылсаң, жете қыл» деген мәтел бар ғой. Жұмысшыларды да, жеткізіп салатын жеңіл көлікті де береміз. Бірақ, сіз дем алып, таңертең Ханойға барарсыз.

– Ойпырмай, «Інісі бардың тынысы бар» деген осындай-ақ болар!

Кешке екеуіміз ұзақ әңгіме шерттік. Ауылдың тарихынан Коля ағайдың хабары мол екен.

– «Жолқұдықты» Краснокутск, Ертіс аудандарына баратын үлкен қара жол басып өтетін. Біздің бала кезімізде, өзің білесің, асфальт жоқ, машина сирек, негізгі көлік – ат-арба. Ауылдың ортасында, жолдың бойында шығыр құдық болды ғой, жаздың ыстығында шаң жұтып келе жатқан жолаушылар сол құдыққа аялдамай өтпейтін. Шөлдерін қандырып, беті-қолдарын жуып, аттарын суарып, біраз тыныстап, әрі қарай жолдарын жалғастырушы еді...

Өз ауылыңды өзіңе өзге ұлттың азаматы ежіктеп айтып отырса, көңілің толқып, марқайып қалады екенсің. Және ол сонау оңтүстік-шығыс Азияда, Тынық мұхитының жағалауында болса ше?!

«Жаңа майдан» колхозы беріде «Жолқұдық» совхозының бірінші бөлімшесі болды. Колхоз, совхоздың басшылары, мамандары, абыройы асқақ тұлғалар туралы да көп білетін боп шықты. Тіпті, екеуіміз жас айырмашылығымызға қарай, әр кезде бір өзеннен балық та аулаппыз.

Екеуара әңгімеміз қыза түсіп, түн жарымына дейін созылды.

– Е...е, Әбеке, екеуіміз бір құдықтан су ішіп, бір топырақты басқан көрші ауылдың балалары екенбіз-ау. Кездескен жерімізді қара! – деп, Коля ағай сөзін жылы әсермен аяқтады.

Таңертең ағамды ағысы қатты Тхай Бинь өзеніне дейін шығарып салдым. Көпір жоқ, пароммен өту керек. Тізбектелген машиналар кезегін тосып тұр. Жергілікті өңірдің Бас сарапшысына және маған берген арнайы құжаты болатын. Сол құжаттың пайдасы тиіп, Николай Трофимовичті кезектен тыс өткізіп жіберуге мүмкіндік болды. Жылжи жөнелгенде паромның жақтауынан ұстаған Коля ағай ризашылықпен қолын көтеріп, қимағандай ұзақ тұрды. Мен де ауылым, соғыстан кейінгі қиын да қимас балдәурен шағым ойға оралып, жаным жабырқап, айтып жеткізуге болмайтын көңіл күйде тұрдым.

Кеше Коля ағай: «...бір құдықтан су ішкен, бір топырақты басқан» деді емес пе. Топырақ... Бала кезінде доп қуып, ержеткен соң атпен, машинамен шаңын бұрқыратып жүрген ауыл топырағының қасиетіне көңіл аудара бермейміз. «Кіндік қаны тамған жер», «Туған жердің топырағы» секілді тамыры тереңде жатқан сөздердің мағынасын сағынышпен еске алғанда ғана түсінеді екенсің...

Осындайда өскен ортаңды, ауыл адамдарын еске алып: «Егер солар болмаса, биік рух, білімге құштарлық, жұмыста мойымас табандылық бізге жұғысар ма еді?», – деп ойланасың.

Атағы алысқа шырқамаса да, ауылдың өзінде үлкен абыройға ие болған жандар болды. Айталық, он жетіші, он тоғызыншы ғасырларда өмір сүрген Құнан би, Сарке би, ауыл басшылары болған Таянышпай, Дүйсембай, Ыбырай, Бейсенқұл қажы бабаларымыз.

Беріден тарқатсақ, соғыс ардагері, авиация подполковнигі Мұхамедияров Мәтәй – жеті рет жарақат алған соң ұшуға рұқсат бермей және әскер қатарынан да босатпай, 1956 жылға дейін КСРО-ның шығыс Еуропадағы армиясы қатарында Польша, Венгрия, Чехословакия, Шығыс Германия елдерінде қызмет атқарды. Елге оралған соң ширек ғасырдай Павлодарда зауыт директоры, үзіліссіз қалалық Кеңестің депутаты болды.

Милиция полковнигі Аубакиров Манап, облсоттың орынбасары Қаниев Тәкіш, Тәшен, Жанақ, Кәмәл ағаларымыз, Абдығалым атамыз, мұғалімдер – Симани Нафанаил Андреевич, Кныш Константин Петрович, Азбергенов Аушан, Мұхамеджанов Нәжмиден ағайлар, Кәкішева Мәкен апай, совхоз директоры, кейін ауыл әкімі болған Ысқақов Серік...

Бұл тек өзім көзін көрген, жақсы білетін, өмірден озған кісілер. Осы тұлғаларға ауылда көше аттары берілсе ғой, шіркін!..

Жолқұдықта бүгінде «Центральная», «Степная», т.б. атты көшелер бар. Осы атауларда үлгі боларлық, тәрбие аларлық қандай мән бар?! Әлгінде есімдерін тізбектеп жазған жақсы адамдардың осы көшелердің біріне есімдерін берсе, бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгілік қалар еді. Жас балалар көше атына ие болған кімдер екенін сұрап, үлкендер сыйлы адам болғанын түсіндіріп жатса, бұл балаға «білім алып, дұрыс өмір сүріп, адал еңбек етсең, жерлестер атыңды ұмыттырмайды екен ғой» деген ой салмай ма?!

Қанша мектеп түлектері совхоздардың, мектептердің, автобазалардың, түрлі мекемелердің директорлары, әр деңгейдегі депутаттар, республикаға еңбегі сіңген маман, кафедра меңгерушісі, ғалым болды. Тіпті, Санкт-Петербургтегі шахмат және дойбы академиясының мүшесі, дойбыдан халықаралық шебер атағын алып, сол салада теориялық кітаптар жазған Темірбеков Ертай да бар. Мектеп осындай мақтаулы ауылдың түлектеріне арнап мұражай ашып, жетістіктері мол жандар туралы көбірек мәліметтер беріп, еңбектерін дәріптесе екен.

Қаншама түлектер абыройлы еңбек етіп, зейнетке шықты, қаншасы әр салада жемісті еңбек етуде. Мектеп оқушылары мен осындай кісілер арасында кездесулер ұйымдастырылса, бұл бастама жас буынның білімге, өнерге, мамандықты игеруге деген құштарлығын, талпынысын арттырар еді. Мақсатымыз жастарға білім беру ғана емес, оларды болашақ өмірге дайындау ғой.

Әр ауылда мақтан етер, өнеге тұтар, өмірден озған бабалары, әрбір қасиетті жердің, әйгілі тұлғалардың өз белгілері болатыны сияқты Жолқұдық ауылы да ол жағынан кенде емес.

Жолқұдықта бас ииіп, тәу ететін төрт орын (тас) бар. Оның біріншісі – XVIII ғасырда өмір сүрген атақты Тілеуімбет батыр (1725-1795). Омбы қалалық мұрағатынан ол кісіге қатысты 22 құжат табылып, біразы орыс тіліне аударылды. Соңғы шыққан тарихи кітаптарда бабамыздың есімі бірнеше тұсында аталады, жеке «Тілеуімбет батыр» кітапшасы да жарық көрді. Батыр баба туралы жергілікті басылымдарда өзімнің бірнеше көлемді мақалаларым жарияланды («Халқының қамын жеген қайраткер», «Тілеуімбет батыр»). Басына көрнекті құлпытас, қорымның қоршауына екі ашпалы әшекейленген қақпа қойылып, енді ол орынды киелі нысандар қатарына қосу жұмыстары жүргізілуде.

Екінші киелі орын – XIX ғасырда басентиын руының төбе биі, өзі де, баласы да Баянауыл округінің аға сұлтаны болған Қазанғап би. Бабамыз туралы құнды кітап жарық көріп, осыдан он шақты жыл бұрын басына құлпытас қойылған.

Келесі қасиетті орын – Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин. Батырдың бюсті өзінің атындағы ауыл мектебінің алдына орнатылған.

Төртінші орын – бастауыш мектеп орнын он жылдық орысша-қазақша білім ордасына жеткізген, жарты ғасырдай мектеп директоры қызметін атқарып, елдің құрметіне бөленген Социалистік Еңбек Ері Мәжен Қабылбеков ағамыз. Қазақстанда Еңбек Ері атағына ие болған мектеп директорлары көп емес. Бюсті жерлесі, замандасы, бір мектептің түлегі Қанаш Қамзиннің жанында.

Ауылдың шеңбері осы төрт адамның «тақияларына тарлық» етеді. Павлодарда Қ.Қамзин көшесі бар. Сонымен қатар, Омская, Томская, Таганрогская, тіпті ұсқынсыз «Проезд А, Б, В» сияқты көшелер атауына кезігесің.

Облыс орталығындағы, Ақсу қаласындағы көшелерге, 7-ауыл, Алғабас, Жолқұдық, Ребровка сияқты елді мекендерге жоғарыда аталған әйгілі тұлғалардың есімдері берілсе құба-құп.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» қағидасын ұстанған халықтың ұрпағымыз.Ендеше, «Рухани жаңғыру» аясында болашақ ұрпақтың тәрбиесі үшін қажет дүниелерді ертеңге қалдырмай, бүгін атқарғанымыз жөн болар еді.

Әнуарбек БАЛҒОЖИН,
Павлодар қаласының Құрметті азаматы

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІ БОЙЫНША ТЕЛЕХИКАЯ ТҮСІРІЛЕДІ, ШОЛПАН-АТАДА (ҚЫРҒЫЗСТАН) ЖАЗУШЫНЫҢ БЮСТІ ОРНАТЫЛАДЫ

WEEKEND

WWW.QAZAQ1913.COM



Американдық «Forbes» журналының биылғы тізімінде 2 668 миллиардер бар. Соның 735-і – АҚШ азаматы. Тізімге енген миллиардерлердің байлығы 12,7 трлн долларды құрайды. Биылғы тізімнен 5 қазақстандықты да байқауға болады. Олар: Владимир Ким (5 млрд доллар), Тимур Құлыбаев (3,8 млрд доллар), Динара Құлыбаева (3,8 млрд доллар), Болат Өтемұратов (2,8 млрд доллар) және Вячеслав Ким (2 млрд доллар). Сондай-ақ, Қазақстанда тұратын, бірақ Қазақстан азаматтығын алмаған Ресей азаматы Тимур Турлов (2,1 млрд доллар) пен Грузия азаматы Михаил Ломтадзені (1,9 млрд доллар) де атауға болады.

ТОП-05: ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БАЙ АДАМДАРЫ

№	Мемлекет	Аты-жөні	Байлығы
01	АҚШ	Илон Маск	219 млрд $
02	АҚШ	Джефф Безос	171 млрд $
03	Франция	Бернар Арно	158 млрд $
04	АҚШ	Билл Гейтс	129 млрд $
05	АҚШ	Уоррен Баффет	118 млрд $

Дереккөз **Forbes Magazine**
Инфографика **Айнұр Қайратбекқызы**

ТОО «Verona VIP» (Верона ВИП), БИН 220340033277, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, пр. Аль-Фараби, д. 99. Тел.: +7 (771) 831-89-87

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

МЕНШІК ИЕСІ **«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ**

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККҚЫЗЫ**
ШОЛУШЫЛАР **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ, МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ, САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН ҰӘЛИЕВ, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ, ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
A05A1D6, **Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 303 кеңсе** (редакция)
A25H9M7, **Береговая көшесі, 12 үй** (бас кеңсе)

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ

+7 (701) **505 48 48** **kazakh_2006@mail.ru**

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Халықаралық Алматы әуежайы — Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері — «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті, «Алматы-2» теміржол бекеті — Станционная к-сі, № 01; Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті — Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР

«Караван», «Kok tengri» (Алматы) **дүңгіршектері**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 518 / 51**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді;
Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды;
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді;
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты;
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады;
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді;
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

(А) жариялану ақысы төленген мақалалар

ҚОШ БОЛ, ТЕМКЕ!

Бұл өмірден өткен әрбір азаматтың орны біразға дейін оны білетін, қадір тұтатындардың санасында ойсырап-ақ қалады ғой. Оның үстіне ол бүкіл ел танитын, тірісінде айналасына шапағатын тигізіп, мейірімін төгіп жүретін атышулы тұлға болса...

Күні кеше ғана күтпеген жерден бақилық болып кете барған қадірменді әріптес-жолдасымыз, белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры Темірхан Сақаұлы Тебегеновтың қазасынан кейін, оны жақсы білетін біз секілді қызметтестерінің бәрінің көкейінде осындай бір қимас сезімнің қалғаны сөзсіз.

Иә, бұрынғы ата-бабаларымыздың «Жақсылар өлмес болсайшы, шіркін!..» деп күрсінетіні осыдан екен ғой. Бірақ, екінші жағынан «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейтіні тағы бар ғой, сол әруақты бабаларымыздың.

Міне, осы тұрғыдан келгенде біз, әріптестері, достары, жолдастары: «Темірхан Сақаұлы өлген жоқ, ол өзінің мәңгі «бақы» деп аталатын мәңгілік өміріне қайтты, ол жақта оның таусылмайтын рухани өмірі жалғасады...» деп өзімізді жұбатуға хақымыз бар секілді. Өйткені, баладай ақкөңіл, айналасына тек қана өзінің шуағын төгіп жүретін Темкең жақсы десең – жақсы, ғалым десең – ғалым еді. Шынында да, артына қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінің тарихын жанжақты талдайтын жиырма томға жуық ғылыми еңбегін, өзінен білім нәріне сусындаған жүздеген, тіпті мыңдаған студент шәкірттері мен магистранттарын, ғылым кандидаттары мен докторларын қалдырып, оларды білім мен ғылымның асқарына бағыттап беріп кеткен үлкен педагог ғалымды, зерттеушіні, білім мен ғылымның, мәдениеттің қайраткерін өлді деудің еш қисыны жоқ. Сондықтан да, ол мәңгі тірі, бар болғаны енді оның екінші рухани өмірі басталды. Содан да біз оған: «Қадірлі Темірхан Сақаұлы, Темке, фәнидегі саналы өмірін қазақ руханиятының қарыштап дамуына арнаған аса еңбекқор ардақты әріптес, айналасына қолынан келген көмегін аямаған қамқор жан, барған жерің жұмақтың төрі болғай, иманың өзіңе дәйім жолдас болғай!» дейміз.

Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, филология ғылымдарының докторы

ЖЕР КӨЛЕМІ АЯГӨЗ ҚАЛАСЫМЕН БІРДЕЙ ЕЛ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ, АНА ТІЛІ ЖОҚ ЛИХТЕНШТЕЙН ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БАЙ ЕКІ ЕЛІНІҢ БІРІНЕ ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫ?

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Айналасын биік тау, орман қоршаған табиғаты көрікті жер. Жер көлемі біздің Аягөз қаласымен бірдей (160 км²). Яғни, елді бір күнде жаяу аралап шығуға болады. Өзінің ана тілі де (ресми тілі – неміс тілі), ұлттық валютасы да, мұнай-газы да, тіпті әуежайы да жоқ. Кішкентай ел болғанымен, әлемдегі ең бай екі елдің бірі. Сырттан қарыз алмайды. Өзге елдерге алақан жаймайды. Халқын салықпен, айыппұлмен тонамайды. Бақытты балалық, алаңсыз қарттық, дені сау ұрпақ, жоғары айлық – мемлекеттің басты ұстанымы. Еуропалық Одаққа да, НАТО-ға да кірмеген кәрі құрлықтағы санаулы елдің бірі. Бұл – Лихтенштейн.

Бізге бейтаныс Лихтенштейн – Австрия мен Швейцария елдерінің шекарасында орналасқан князьдық. Мемлекеттік құрылымы – конституциялық монархия. Елді Лихтенштейндер әулеті билейді. Яғни, Лихтенштейн – атауы билеуші әулеттің құрметіне қойылған әлемдегі үш елдің бірі (Иордания Хашимит Корольдігі мен Сауд Арабиясы). Князь – II-ші Ханс-Адам. Таққа 1989 жылы отырған 15-ші князь қазір 77 жаста. Премьер-министрі – Даниэль Риш. 44 жастағы ол билік басына 2021 жылдың 25 наурызында келді. Мемлекеттік діні – католицизм.

Заң шығарушы орган – Ландтаг. Парламентте 25 депутат заң қабылдайды. Олар 4 жылға сайланады. Соңғы сайлау қорытындысы бойынша Парламентке 4 партияның өкілі өткен. Соның ішінде Прогрессивті азаматтар партиясы (FBP) – 9 мандатқа, Патриоттар одағы партиясы (VU) – 8 мандатқа, Тәуелсіздер партиясы (DU) – 5 мандатқа, Еркін тізім партиясы (FL) – 3 мандатқа ие. Елде жалпы 5 партия тіркелген.

Қолданыстағы конституция өз күшіне 1921 жылы 5 қазанда енген. Жүз жылдан бері Ата заңға ешқандай өзгеріс енгізілмеген.

Лихтенштейн өзінің қарулы күштерінен 1868 жылы толық бас тартты. Дегенмен, конституцияда ел азаматтарының Отан алдындағы борышын өтейтіні жөнінде бап сақталған.

Батыс Еуропадағы кішкентай елде 38 мың адам тұрады. Соның 66%-ын жергілікті халық, қалғанын шетел азаматтары, негізінен Швейцария, Австрия және Германия азаматтары құрайды. Өмір сүруге қолайлы елге қоныс аударуға ниет білдірушілердің қатары өте көп. Дегенмен, Лихтенштейннің азаматтығын алу мүмкін емес.

Иә, Лихтенштейн азаматтық бермесе де, шетелдік компанияларды құшағын жайып қарсы алады. Өйткені, мұнда тіркелген компаниялар салықты еуропалық өлшеммен алғанда өте аз төлейді. Содан әлемдік кәсіпкерлер кәсіптерін осы Лихтенштейннен ашуға асығады. Мәселен, 38 мың халқы бар шағын мемлекетте 75,7 мың шетелдік компания тіркелген. Оларға қойылар басты талап – Лихтенштейннің бір азаматын жұмысқа алу. Ал, бұл елде еңбекке жарамды 19,5 мың адам ғана болғандықтан, халықтың көбі екі жұмыс істейді. Екі жұмыс – екі айлық. Соның өзінде жұмыс күші жетіспейді. Сондықтан күнделікті 13 мыңдай Австрия, Швейцария және Германия азаматтары Лихтенштейнге жұмысқа барып-келіп істейді. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, Лихтенштейннің азаматтығын алу, оның тұрғыны атану – әркімге бұйыра бермейтін бақ.

Айлық демекші, Лихтенштейннің бір азаматы жылына 180 мың доллар табыс табады. Сөйтіп, әлемдегі бай елдердің ішінде Катардан кейінгі екінші орынды алады. Жалпы ішкі өнімі жан басына шаққанда 98 мың долларды құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша алдына тек тағы бір еуропалық шағын ел Люксембургті ғана салады.

Елдің бюджеті негізінен шетелдік компаниялардың салығынан (30%), пошта маркасын сатудан және туризмнен құралады.

Астанасы – Вадуц. Бас қаланың негізі XIII ғасырда қаланған. 5,8 мыңдай адам тұрады. Бар болғаны бес көшеден құралады. Өзінің әуежайы да, теміржол бекеті де жоқ. Дегенмен, қалаға жылына 250 мыңға жуық шетелдік қонақ келеді. Ал, 6 мыңнан астам халқы бар Шан елдің ең ірі қаласы саналады.

Лихтенштейн – мәдениеті жоғары, қылмысы төмен мемлекет. Бұл елде қылмыс дерегі осыдан он жыл бұрын тіркелген. Түрмеде жеті адам ғана отыр. Дегенмен, 120 полицей елдегі тәртіпті қадағалайды. Осылайша, Лихтенштейн әлемнің ең қауіпсіз елі ретінде әлемге танылды.

Бір қызығы, шағын елде ондаған театр, музей, газет-журнал бар. Елдегі жалғыз телеарна – 1FLTV. Ол эфирге неміс тілінде шығады.

Кішкентай ғана Лихтенштейн 1936 жылдан бері Олимпиада ойындарына қатысып келеді. Дегенмен, жазғы спорт түрінен әлі Олимпиада чемпионы шыққан жоқ. Ал, қысқы спорт түрінен ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері бар. Мәселен, қысқы Олимпиада тарихында Лихтенштейн 10 медаль иеленген.

Рас, Лихтенштейн – таулары мен баулары жасыл желекке бөленген ғажайып табиғаты бар әрі халықтың алаңсыз өмір сүруіне барлық қолайлы жағдай жасалған әлемдегі санаулы елдің бірі.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ!